



## ПРЕЗИДЕНТ ОБЛЫС ӘКІМДЕРІМЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен телефон арқылы сөйлесті.

Аталған облыстардың әкімдері Президентке өңірлердегі ахуал жайында, табиғи апатпен күресу және су тасқынының зардаптарын жою үшін қабылданған шаралар жөнінде есеп берді.

Аймақ басшыларының айтуынша, жалпы жағдай жіті бақылауда, табиғи апатпен күресу үшін адам күші де, техника да жеткілікті. Президенттің тапсырмасымен Республикалық штабқа жетекшілік ететін Премьер-Министр Олжас Бектенов бастаған Үкімет мүшелері су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға жіберілген болатын. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың керек-жарағын шешу бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр.

## ҚИРАҒАН ҮЙЛЕРДІ ТЕЗ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевты қабылдады.

Президентке өнеркәсіптік даму, геология, жер қойнауын пайдалану және құрылыс салаларындағы жұмыстың нәтижесі мен алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндалды.

Министр биылғы қантар-ақпан айларында Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 7,4 пайызды құрағанын жеткізді. Өндіріс көлемін ұлғайтуда машина жасау, металлургия, химия және жеңіл өнеркәсіп сияқты салалардың үлесі зор. Жалпы құны 1,5 триллион теңге болатын 180 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Соның арқасында 17,8 мың жұмыс орны ашылмақ.

Мемлекет басшысына құрылыс саласының жай-күйі туралы мәлімет берілді. Былтыр 157 мың тұрғын үй салынған. Биыл 172 мың тұрғын үй салу көзделіп отыр. Сондай-ақ жалға берілетін 22 мың тұрғын үйдің құрылысына мемлекеттен 300 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінген. «Отбасы банкі» арқылы қаржыландыру көлемі 300 миллиард теңгені құрайтын бағдарлама іске қосылады. Бұл ел азаматтарына 12 мың ипотекалық займ беруге септігін тигізеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жер қойнауын пайдалану құқығын беруге қатысты аукциондарды электронды форматта өткізу үшін E-Qazyna.kz цифрлық платформасының іске қосылғаны жайында баяндалды. Бұл бастама процестің ашық-

тығы мен қолжетімділігін едәуір арттырды. Аукциондарға Rio Tinto және Fortescue сияқты әлемдік ірі компаниялардың қатысуы Қазақстанның ресурстарға бай кен орындарын зерттеуге мүмкіндік беретін бәсекенің арта түскенін көрсетеді.

Президентке министрліктің су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жөніндегі негізгі жоспары таныстырылды. Қазіргі уақытта су басқан өңірлерде жаңа тұрғын үй салу үшін жобалық-сметалық құжаттаманың құнын бекіту жұмыстары аяқталып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев апаттан қираған тұрғын үйлерді тез арада қалпына келтіруді тапсырды.

## АУМАҚТАРДЫ КӨГАЛДАНДЫРУ ТУРАЛЫ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы облыстар мен қалалардың әкімдеріне аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Президент су тасқынына ұшырамаған облыстар мен қалалардың әкімдеріне көшелерді тазарту, көгалдандыру және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру науқанын бастауды тапсырды. Сонымен қатар жолдарды ретке келтіру міндеті жүктелді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жұмыстарға тұрғындар мен еріктілерді тұрақты түрде тарту маңызды екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, елді мекендер мен қоғамдық демалыс орындарын күтіп-баптау әкімдер қызметін бағалаудың тағы бір өлшемі болмақ. Жалпы, өңірлердің басшылары қалаларды лайықты және тартымды жағдайда ұстау мәдениетін енгізуі керек.

Эльдар ЖҰМАҒАЗИЕВ, «AMANAT» партиясының хатшысы:

## АТЫРАУЛЫҚТАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ДА, ҰЙЫМШЫЛДЫҒЫ ДА ӨТЕ ЖОҒАРЫ

Екі аптадан бері жалғасып жатса да, биылғы су тасқынының саябырси қоятын түрі жоқ. Ендігі қатты болуы мүмкін деп аталатын өңірлердің бірі – Атырау облысы. Солтүстік көршіміздегі ахуалға қарап, осындай болжам жасалуда. Ендеше өңір халқы да қамсыз емес. «AMANAT» партиясының хатшысы Эльдар Жұмағазиев Атырау облысына барып, өңірдегі табиғи апатқа қарсы атқарылып жатқан жұмыс барысымен танысып жүрген болатын. Біз қауырт жұмыстардан хабар беру үшін жағдайды партия хатшысының өз аузынан естімекке, қоңырау шалғанбыз. Айтуынша, аймақта су тасқынына қарсы бөгеттер тұрғызу жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатыр екен. Қала бойынша 100 шақырымдай учаскенің 21,2 шақырымын «AMANAT» партиясы өз жауапкершілігіне алған.



4 >>

Батыс Қазақстан облысында су тасқынына қарсы жұмыстар жалғасып жатыр. Дәл осындай қиын-қыстау кезеңде ел бірлігі сыңға түсер шақ. Осыны сезінген азаматтар бір кісідей жұмылып, Батыс жақтағы өзендердің арнасын бекітіп жатыр. Орал қаласы бес өзеннің ортасында орналасқан. Бұл өзендер қазір қалаға қауіп төндіріп тұр. Қауіптің алдын алу мақсатында аймақ басшысы өзі бастап Жайық, Шаған өзендерінің арнасын бекіту, бөгеттер салу жұмыстарымен айналысып жатыр. Күні кеше ғана өңірге Премьер-Министрдің орынбасары, Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров келіп, тасқынға қарсы атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

## Ешкім

## назардан

## тыс қалмайды



## СУ АСТЫНДАҒЫ ТІРШІЛІК



Кез келген апаттың көзге көрінетін және көрінбейтін кері салдары болады. Әрине, су тасқынынан соң әдетте бірінші болып материалдық шығындарды түгендейміз. Бірақ қарғын судан туындайтын эпидемиологиялық және экологиялық қауіпті де естен шығармағанымыз абзал. Себебі азық-түлік қауіпсіздігі су шайған жерлердегі топырақтың құнары мен құрамына тікелей тәуелді. Оны қалпына келтірудің амалы қандай? Төтенше жағдайды болдырмаудың тиімді жолдары бар ма?

Су тасқынынан аймақтағы ел-жұрттың малы суға кетіп, зираттар да қарғын судың астында қалғалы халық көкейінде су арқылы түрлі ауру тарап кетпес пе екен деген күдік пайда болғаны рас. Бұл тұрғыда Денсаулық сақтау министрлігі аймақтардағы эпидемиологиялық ахуалдың тұрақты екенін мәлім етті. Сондай-ақ ведомство қазір Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет (СЭҚ) күшейтілген режимде жұмыс істеп жатқанын хабарлады.

6 >>

## ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН



4  
БЕТ

## ҚҰМ КӨШКІНІНЕН СЕКСЕУЛ ҚОРҒАЙДЫ



7  
БЕТ

Вице-премьер өңірдегі негізгі су арнасы – Жайық өзенінде су тасқынының алдын алу жұмыстарының барысымен танысты. Су деңгейінің көтерілуіне байланысты өзен жағасы құм салынған қаптармен нығайтылып, ауыр техникалар жұмыс істеп жатқанын өз көзімен көрді.

Еске сала кетейік, Ресейдің Батыс Қазақстан облысына жақын орналасқан Саратов және Орынбор облыстарындағы су қоймаларынан көп мөлшерде су келіп жатыр. Атап айтқанда, Саратов облысындағы Приузен су қоймасынан Караөзенге секундына

300 текше метр су құйылууда. Сондай-ақ Орынбордағы Ирикла су қоймасынан секундына 2 мың текше метрге жуық су жіберілуде. Бұл су жақын арада Жайық өзені арқылы өтіп, әрі қарай Каспий теңізіне құяды. Осыған байланысты Жайық өзеніндегі су деңгейі қалаға қауіп төндіруі мүмкін. «Мамандар жағдайды үнемі бақылауда ұстауы керек. Үкімет тарапынан барлық қажетті көмек көрсетіледі», – деді Премьер-Министрдің орынбасары.

(Жалғасы 5-бетте)



## ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

**Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар салалық комитеттердің осы аптадағы іс-шараларын және 11 сәуірде өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.**

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты үндеуінде белгілеп берген міндеттерге тоқталды.

«Он облыста төтенше жағдай жарияланды. Президентіміз су тасқыны салдарымен күресуге нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ зардап шеккен азаматтардың шығындары толық өтелетінін айтты. Палатамыз да, өз тарапынан, тасқынмен күреске көмек көрсетуде. Бір топ Сенат депутаты зардап шеккен өңірлерге барып, жергілікті билікке және тұрғындарға қолғабыс көрсетуде. Осындай сын-сағатта барша қоғам болып бірлесіп, төтенше жағдайдың салдарымен күреске жұмылу аса маңызды», – деді Сенат Төрағасы.

Іс-шара барысында сенаторлар палата отырысының күн тәртібін бекітті. Соған сәйкес алдағы бейсенбіде депутаттар «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды және оған ілесіп «ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды бірінші оқылымда қарайды. Бұл заңдар отбасылық-тұрмыстық және қоғамдық салаларды қоса алғанда, зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жазаны қатандату бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін әзірленген.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әйелдердің құқықтары мен балалардың

қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үнемі баса мән беріп келеді. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін тиісті заңдар әзірленді. Сенаторлар әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау шараларын күшейтуді қолдайды. Заңдардың қоғамдық маңыздылығын ескере отырып, оларды бейсенбідегі палата отырысына шығаруды көздеп отырмыз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Құжаттарда көрсетілген нормалар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін жетілдіруге, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған.

Сенат Төрағасы атап өткендей, бұл заңдар қоғамда үлкен пікірталас тудырды. Осыған байланысты сенаторлар азаматтармен жеке кездесулер өткізді және құжаттардың жекелеген нормаларына қатысты жүздеген өтінішті қарады. Сондай-ақ палата Спикері заңның негізгі ережелерін түсіндіру жұмыстарын отырысқа дейін белсенді жүргізіп, одан кейін де жоғары деңгейде жалғастыру керек екенін айтты.

Сонымен қатар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін балаларға арналған интернаттық ұйымдарды мемлекеттік бақылаудың ерекше тетіктері, балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер және білім беру-сауықтыру қызметтерін көрсететін мекемелерді лицензиялау міндеттілігі енгізіледі.

Сондай-ақ Палата отырысында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және қылмыстық-атқару жүйесі салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қаралды. Бұл құжат тиісті салалардағы заңнаманы жетілдіруге арналған.

## ШЫҒЫС ӨҢІРІ ДЕ ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНДА



**«AMANAT» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері өңірдегі Үлкен Нарын, Катонқарағай, Күршім аудандарында су тасқынының алдын алу жұмысымен танысып, тұрғындармен кездесті.**

«Аудандардағы көпірлер, суару каналдары, ауылдағы өзен арналарының тазалығы, техникалық жағдайы сараланды. Аталған аудандар аумағында төтенше жағдайға дайындық жұмысы

толық жүргізілген. Алайда тау бөктерлеріндегі қардың толық ерімеуіне байланысты жағдайды күнделікті бақылауда ұстау қажет», – деді «AMANAT» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Мұхтар Төлеген.

Сонымен қатар іссапар аясында комиссия мүшелері партияның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға арналған Жол картасының орындалу барысымен танысып, жұмысты күшейту қажет екенін жеткізді.

## АСТАНА КОНТРРЕТТЕГІШІНІҢ ЖАҒДАЙЫН ТЕКСЕРДІ



**Премьер-Министр Олжас Бектенов Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек және Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановпен ағымдағы су тасқыны жағдайын тексерді.**

Астана қаласы арқылы тасқын суларды өткізуге және ықтимал су тасқынынан қорғауға арналған Астана контрреттегішінің жай-күйі тексерілді. Сонымен қатар Майбалық көлі мен Вячеслав су қоймасының жағдайын бақылады.

Астаналық контрреттегіште судың ағыуы қазір секундына 30 текше метрді құрайтыны баяндалды. Контрреттегішке келіп жатқан ағын секундына 248 текше метрді құрайды. Бүгінде контрреттегіштің су ағызу қабілетін секундына 40 текше метрге дейін арттыру жоспарланып отыр.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәліметтері бойынша, ахуал тұрақты және ұдайы бақылауда, Астана қаласын су басу қаупі жоқ. Олжас Бектеновке Астана су қоймасындағы жағдай туралы баяндалды.

Суды ағызу секундына 400 текше метр деңгейінде жүзеге асырылады, су қоймасының көлемі 409 млн текше метрді құрайды. Преображенский торабында шарықтау шегіне жетті, Нұра өзені арқылы торапқа құятын су ағыны азайып келеді: қазір секундына 1 400 текше метр өтуде. Астана қаласы мен Ақмола облысының әкімдігі жақын маңдағы елді мекендер мен қалаларды су басудың алдын алу бойынша бірлескен жұмыстар жүргізуде.

Тайтөбе ауылында су тасқынынан негізгі қорғаныс қызметін атқарған үйінділерді нығайту жұмыстары аяқталуда. Биыл қолданыстағы 2 400 метрлік бөгетке ұзындығы 1 200 метр, биіктігі 2,5 метр болатын жана бөгет тұрғызылды.

## ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ АРТТА ҚАЛДЫ

**Су ресурстары және ирригация министрлігінің ресми өкілі Мөлдір Әбдуалиева орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте елдегі суқоймаларындағы ахуалды баяндады.**

«Ақмола облысындағы екі ірі суқоймасы орта есеппен 99%-ға толы, екі нысан да транзиттік режимде жұмыс істеп жатыр. Өңірде су тасқынының қауіпті кезеңі өтті. Ақтөбе облысындағы екі ірі суқоймасына 99% су жиналды. Бұл нысандар да транзиттік режимде жұмыс істеп жатыр, су ағынының төмендеуі байқалады. Су тасқынының белсенді кезеңі аяқталды», – деді ол.

Ресми өкіл Шығыс Қазақстан облысындағы бес ірі суқоймасы орта есеппен 62%-ға толғанып атап өтті.

«Олардың бәрі штаттық кестеге сай жұмыс істеп жатыр. Осы аптада су тасқынының белсенді кезеңі басталады деп күтілуде. Батыс Қазақстан облысында 4 ірі суқоймасы орта есеппен 65%-ға толды. Олар да штаттық кесте бойынша жұмыс істейді. Өңірде Шаған өзенінің деңгейі әлі де артып келеді. Бүгінде Шаған суқоймасына кіріп жатқан ағынның жылдамдығы – секундына 690 текше метр. Жайық өзені бойынша су тасқынының екінші толқыны күтілуде. Ресейдің жедел мәліметтері бойынша, Ириклин су торабынан су

жіберу кешегі деңгейде қалып отыр – секундына 1680 текше метр. Бұл су Қазақстан шекарасына 15-20 күнде жетуі мүмкін. Сондықтан су тасқынының алдын алу үшін министрлік пен Батыс Қазақстан және Атырау облыстары әкімдіктерінің қызметкерлері өзен арналарын мұздан тазартып, кептелістің алдын алу жұмысын атқарып жатыр», – деді Мөлдір Әбдуалиева.



## ЕЛІМІЗДЕ ОПЕРАТИВТІ ШТАБ ҚҰРЫЛДЫ

**Елдегі төтенше жағдайға байланысты көптеген бауырлас елден телеграмма келіп жатыр. Алайда Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров «су тасқынына байланысты әзірге сырттан гуманитарлық көмек керек емес» дейді. Оның айтуынша, бүгінде Қазақстанның бірқатар өңірінде болған су тасқынына байланысты бауырлас Қырғыз мемлекеті өз бастамасымен көмек көрсеткен.**

«Осыдан 2 күн бұрын Қырғыз Республикасы Төтенше жағдай министрлігінің 15 жүк көлігі мен 1 жол талғамайтын көлігі Қазақстан шекарасын кесіп өтті. Онда 300 тонна жүк бар. Мысалы, су, күріш, қарақұмық жармасы, кәмпіт, шай, кант және матрас, жылытқыш, керуеет, шатыр болды. Көптеген бауырлас елден телеграмма келіп жатыр. Олар қолдайтынын айтып, ниет білдірде», – деді Айбек Смадияров.

Сондай-ақ Айбек Серікбайұлы Үкімет су тасқынына қарсы бар күшін салып, күресіп жатқанын жеткізді.

«Елімізде оперативті штаб құрылды. Премьер-Министрдің барлық орынбасары тиісті өңірлерге шықты. Олар өңірлердегі жағдайды бақылауда ұстап отыр. Материалдық резервтің әлеуетін қолданып жатырмыз. «Қазақстан халқына» қоры мен халық та көмектесуде. Үкімет осы бағытта толыққанды жұмыс жүргізіп жатыр», – деді Айбек Смадияров.



Ақтөбе

## АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК КЕЛДІ

«AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының қызметкерлері мәслихат депутаттарымен, әкімдік өкілдері және бастауыш партия ұйымдарының мүшелерімен бірлесіп, су тасқынынан зардап шеккен Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының тұрғындарына 100 тонна гуманитарлық көмек тиісті жерге жетті.

«AMANAT» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Ербол Данағұлов су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға қол ұшын созған елордалықтарға алғысын айтты.

«Сүрінгенге сүйеу, киналғанға демеу болу – негізінен қазақтың қанында бар қасиет. Қолда барын бөлісіп, бір-біріне қамқор, тілеу-лес болған ұлтымыздың ұлылығы да осында. Сын сағатта бірлесе әрекет етіп, тасқынға тосқын жасап жатырмыз. Қолдан келген жәрдемін ұсынып, достық пейілін танытып жатқан Астана тұр-



ғындарына, «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалына алғысымыз шексіз. Бірліктің арқасында бұл қиындықты да еңсереміз», – деді Ербол Данағұлов.

Партияның Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбектің айтуынша, астаналықтар игі істе ерекше

белсенділік танытып, партияға тәулік бойы азық-түлік пен киім-кешек жеткізген. Жылу жинау жұмысына депутаттар мен кәсіпкерлер де атсалысқан.

Айта кетейік, бұған дейін Ақтөбе өңіріне Манғыстау, Атырау, Түркістан, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласынан гуманитарлық көмек жетті.

Түркістан

## ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Түркістан облысының аудандарынан жинақталған гуманитарлық көмекті «Жастар ресурстық орталығында» құрылған штаб үйлестіріп, әр өңірге жөнелтіп жатыр. Волонтерлер мен белсенді жастар және «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілдері ел аманаттаған 30 тоннаға жуық көмекті жүк көлігіне тиіп үлгерген.



Түркістан облысының жұртшылығы республиканың бір-қатар өңірінде болған табиғи апатты зор күйзеліспен қабылдауда. Осыдан екі жыл бұрын Мақтаарал ауданында болған тасқын судан келген қауіпті халық әлі ұмыта қойған жоқ. Сол кезде жерлестеріміздің басына түскен қиындықты бүкіл ел болып көтеріп, бірімізге біріміз сүйеніш бола білдік. Арқадағы ағайынның үйін су шайып, ауылдары топан судың астында қалғанда, оңтүстік өңірінің жұртшылығы қиындықта қалған азаматтарымызға көмек қолын созуға асықты. Қоғам белсенділерінің, еріктілер ұйымдарының бастама-сымен облыстың 17 аудан, қаласында, гуманитарлық көмек жинау бекеттері ашылып, жанашырлық танытқан барлық азамат киім-кешекті, көрпе-төсекті, тұрмысқа қажетті заттарды, азық-түлік тауарын әкеп тапсыруда.

Мақтаарал ауданының тұрғыны, аудандық мәслихаттың депутаты, «AMANAT» партиясы-

ның фракция мүшесі Қанат Мырзахметов топан судың ауылдарды басып кеткенін естіген бойда дереу жиналмалы қайығын алып, адамдарды, мал-мүлікті құтқаруға жәрдемші болар құрал-саймандарын жинастырып, бір түн ішінде қиындыққа тап болған ақтөбелік ағайындардың арасынан табылуға жолға шыққан. Бүгінде сол төтенше жағдай болған аймақтағы құтқару жұмыстарына белсене араласуда. Қала іргесіндегі су қоймасы маңындағы және осы аймақтағы Елек пен Қарғалы өзені жағалауларындағы үйлерді су ағынынан сақтау, тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру, малдың суға ағып кетпеуін ұйымдастыру жұмыстарында азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлерімен бірлесе жұмыстар атқару үстінде. Тасқын судың зардабына тап болған Ойыл елді мекенінің тұрғындарына көмек көрсетуге ұмтылды. Су астында тұрған,

құлауы мүмкін үйлерге азаматтардың кірмеуін ескертіп, тұрғындарға қолдан келер көмегін ұсынуда. Ол қиындықта қалған ағайынның жанынан табылып, қолдауын көрсетуді ерлік деп емес, азаматтық борышым деп біледі.

Ал түркістандық «AMANAT» партиясының өкілдері бауырластығымыздың бүтіндігі сипатында Ақтөбе облысындағы су басып қалған ауылдардың бірі – Ақтөбе облысы Шығанақ Берсиев елді мекенінің тұрғындарын бір ай бойы ас атасы – нанмен тегін қамтуды мойнына алды.

Сонымен бірге Сарыағаш ауданындағы «Бибі ана» шипажайының иесі ТікТок желісінде өзін Фазиз Шопанов деп таныстырып, су тасқынынан зардап шеккендерді уақытша баспанамен қамтуға дайын екенін мәлімдеді. Кәсіпкер өзінің иелігіндегі сауықтыру орнына 100 адамды орналастырмақ.

Ақмола

## ӘРҚАШАН ЕЛМЕН БІРГЕ!

«AMANAT» партиясының өкілдері елдің басына қиыншылық туғанда әрдайым халықпен бірге болуда. Айтып келмес апат елді әбден әбігерге түсіргені рас. Мемлекет басшысы су тасқынына қарсы жұмыста төтенше жағдай қызметі мен жергілікті атқарушы органдар ғана емес, қоғамдық бірлестіктер және бизнес өкілдерін де көмек қолын созуға шақырғаны белгілі.

Су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды. Оның ішінде Ақмола облысы да бар. Өңірімізде қазір су тасқынына байланысты ахуал тұрақсыз. Тілсіз жаумен

тасқынына қарсы іс шараларға 5 миллион теңге қаражат бөліп, сумен күресіп жүрген төтенше жағдай қызметкерлеріне 2 қой сойып, ыстық тамақпен қамтамасыз етуде.

Облыстық мәслихат депутаттары Ыбырай Дуанбай мен Құралай Жұмабекова Көкшетау қаласындағы Элеватор мен теміржол ықшамауданында суда қалған тұрғындарға ыстық тамақ ұйымдастырды.

Аршалы ауданындағы Жібек Жолы ауылының іргесін бекіту үшін Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, кәсіпкер, меценат Руслан Шәмкенов 1 миллион теңгеге арнайы техника жалдап, Нұра өзенінің іргесін бекітсе, ал облыстық мәс-

Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы Қосшы қалалық филиалының партиялық Бақылау комиссиясының төрағасы Айдын Төребаев өз атынан екі ауыр техниканы көмекке ұсынып, қиыршық тас төсеп, ауыл іргесін бекемдеуге қатыстыруда. Депутаттың өзі осы жұмыстардың басы қасында жүр.

Ал Көкшетау қалалық мәслихатының төрағасы Дастан Әкімов бастаған халық қалаулылары эвакуацияланған тұрғындар үшін күнделікті ыстық тамақ, жататын орынмен гигиеналық заттар алып беріп, жалпы сомасы 4 жарым миллион теңгенің көмегін көрсетті.

Аудандық мәслихаттардағы «AMANAT» фракциясының



күресте «AMANAT» фракциясының депутаттары да қарап қалмауда. Мәселен, «AMANAT» партиясының мүшесі Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Умар Шоназаров су басқан аудандарға 40 мың дана қап таратып, еріктілерге резеңке етік, эвакуацияланған тұрғындарға азық-түлік пен ең қажетті заттар алып берді. Облыстық мәслихат депутаты Ғалымхан Саханов Атбасар ауданы бойынша су

лихат депутаттары Алмаз Мұхамедияев, Клара Мендібаева, Тимур Пшенов, Абай Жорабек, Владимир Камышанский өз округтеріндегі су тасқынына қарсы іс-шараларға белсенді ат салысып, арнайы техникамен ауыл аймақтардың қарын тазалап, ауылдардың іргесін қиыршық таспен бекітті.

Ал Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылында судан қорғанысты күшейту, нығайту жұмыстарына

депутаттары да 10 миллион теңгеден астам қаржылай көмек көрсетті. Атап айтқанда, Бұрабай аудандық мәслихатының депутаты Талғат Жапаров арнайы техникамен барып, Кенесары ауылының көшесіне арық қаздырып, су жолдарын тазартып, ауылдың іргесін бекітті.

Аманаттықтар қашанда елмен бірге. Жағдай тұрақтанғанша, қайырымдылық көмек жалғаса бермек.

Атырау

## ДЕПУТАТ ЕЛУ МЫҢ ҚАП ЖЕТКІЗДІ

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясының фракциясының мүшесі Әділ Жұбанов Атырау облысы Махамбет ауданында елді мекендерді су тасқынынан қорғау бөгеттерінің жай-күйін бақылауға алып, қажетті көмек жұмыстарын ұйымдастыруда.

Атап айтсақ, депутат ауданға қажет 10 арнайы техника, 50 000 қап жеткізді. Аталған ауданға қарасты 17 елді мекен Жайық өзені бойында орналасқан. Ал су тасқынына қорғау бөгеттерінің жалпы ұзындығы 100 шақырымға жуықтайды.

Бүгінде депутат Атырау қаласы Алматы ауылының іргесінде салынып жатқан су тасқынынан қорғау бөгетінің құрылысына атсалысуда. Оның жалпы ұзындығы – 7 шақырым, биіктігі – 3 метр.

Сонымен қатар депутат Әділ Жұбанов облыстық штаб отырысында су тасқынының алдын алу жұмысымен және қаладағы



судан қорғану бөгеттерінің жай-күйімен, төтенше жағдайдағы іс-қимыл алгоритмімен танысты.

Бүгінде өңірдегі құрылыс және ірі мұнай компаниялары облыстық штабтың ұйымдастыруымен жағалауларды бекітуге, қорғаныс дамбаларын тұрғызуға жұмылдырылып, қажетті материалдар резерві, эвакуациялау пункттері дайындалып, инертті заттар жинақталды.

Облыстағы Қызылқоға ауданы Миялы, Жангелдин, Көздіқара ауылдық округтерінде, Аққора, Жасқайрат ауылдарында

қауіп сейілді. Тайсойған, Тасшағыл, Қарабау ауылдарында жағдай тұрақталды.

Бүгінде Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласындағы ахуал – күрделі. Қалаға қарасты «Жадырасын – 2», «Болашақ», «Вахталық кент» шағынаудандарын, «Қарағай» елді мекендерін су басып қалды. Су жайылған 2 600-ден астам жеке тұрғын үйден 16 мыңға жуық адам эвакуацияланды.

Өңірден сайланған депутаттар қауіп сейіліп, жағдай тұрақталғанға дейін аймақтарда болмақ.

Қостанай

## «AMANAT» ЖАСТАРЫ ҮН ҚАТТЫ

Қостанай қаласының әкімі Марат Жүндібаевтың көмекке шақыруына «Жастар Рухы» жастар қанатының 100-ге жуық еріктілері мен «AMANAT» партиясының белсенділері үн қатқан.

Қала басшысының айтуынша, өзен арнасынан асып кету қаупіне байланысты жағалауды нығайту жұмыстары тәулік бойы жүргізілуде, бірақ адам саны жеткіліксіз болып отыр.

Осыған дейін Қостанай қаласының әкімі Марат Жүндібаев жерлестеріне құм салынған қапшықтармен жағалауды бекемдеуге көмектесуді сұраған видео үндеу жариялаған болатын. Бейне үндеуінде

қала әкімі «Бүгінде өзеннің арнасынан толып кету қаупі бар. 700-ге жуық адам тоқтаусыз жұмыс істеуде. Адамдар шаршады, бізге көмек керек. Барша жанашыр жерлестерімізді көпірге келіп көмектесулеріңізді сұраймын. Көмекке келем десеңіздер, дәл қазір келіңіздер», – деген.

Үндеу әлеуметтік желілерге тараған сәтте қаладағы «Жастар Рухы» еріктілері мен «AMANAT» партиясы облыстық филиалының қызметкерлері жағажайды күшейту және басқа да жұмыстарға көмектесу үшін дпттеген жерге келіп жетті. Партияның Қостанай облыстық филиалының төрағасы Алмат Досмұхамедов атап өткендей, халықтың бірлігі қиын-

қыстау кезеңдер мен сынақуақытында көрінеді дейді.

«Су тасқынының жағдайы қиындап тұр, осы ретте партия шет қаламады, көмекке 100-ге жуық ерікті мен белсенді жұмылдырылған. Облыстық филиал жанынан гуманитарлық көмек қабылдау пунктін де ашылды. Қазір еліміз қиын сынақты бастан өткізіп жатыр. Халық бірлігі осындай қиын-қыстау кезеңде көрініс тауып, нығайып келеді. Қазір жағалауларды нығайту, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды су басынан қорғау жұмыстары белсенді түрде жалғасуда. Көп су келеді деп күтілуде, сондықтан апаттан келетін шығынды барынша азайта аламыз деп үміттенеміз», – деді ол.

Жалпы, Қостанай облысына Мәжіліс пен мәслихат депутаттарының, партия мүшелерінің және мүдделі тұрғындардың күшімен 21 миллион теңгеден астам гуманитарлық көмек жиналып, жеткізілді. Парламент Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» фракциясының мүшелері Еркін Әбіл мен Берік Бейсенғалиев Арқалық қаласындағы эвакуациялау пункттерінде болып, су басқан Екідің және Қызылжұлдыз ауылдарының тұрғындарымен кездесті, сонымен қатар Амангелді және Жангелді аудандарында болды. Мәжілісмендер өңірде тұрғын үйлерді қорғау және су тасқынының зардаптарын жою бойынша атқарылып жатқан шаралармен танысты.





Екі аптадан бері жалғасып жатса да, биылғы су тасқынының саябырси қоятын түрі жоқ. Ендігі қатты болуы мүмкін деп аталатын өңірлердің бірі – Атырау облысы. Солтүстік көршіміздегі ахуалға қарап, осындай болжам жасалуда. Ендеше, өңір халқы да қамсыз емес. «AMANAT» партиясының хатшысы Эльдар Жұмағазиев Атырау облысына барып, өңірдегі табиғи апатқа қарсы атқарылып жатқан жұмыс барысымен танысып жүрген болатын. Біз қауырт жұмыстардан хабар беру үшін жағдайды партия хатшысының өз аузынан естімекке, қоңырау шалғанбыз. Айтуынша, аймақта су тасқынына қарсы бөгеттер тұрғызу жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатыр екен. Қала бойынша 100 шақырымдай учаскенің 21,2 шақырымын «AMANAT» партиясы өз жауапкершілігіне алған.

– Эльдар Тынышбайұлы, өңірде ахуал қандай? Су тасқынына қарсы жұмыстар қалай жүзеге асып жатыр? Қандай қиындықтар бар? Еңсере алып жатырсыздар ма?

– Жалпы, биылғы ахуал ел бойынша өте күрделі екенін баршамыз да білеміз. Әсіресе, Атырау облысында ол жылдағыдай емес ерекше күрделі. Десе де, Атырау

халқы үшін су тасу – белгісіз дүние емес. Жылда Жайық арнасынан таситындықтан оны дайындықпен күтеді. Одан бөлек, Қиғаш, Жем өзендері бар. Бірақ осындай деңгейдегі апатты шын мәнінде күткен жоқпыз. Оған дайын болмағанымыз рас, оны мойындауымыз керек. Енді бұл жерде негізгі мақсат кінәліні іздеу емес, қалай

**Эльдар ЖҰМАҒАЗИЕВ,**  
«AMANAT» партиясының хатшысы:

## АТЫРАУЛЫҚТАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ДА, ҰЙЫМШЫЛДЫҒЫ ДА ӨТЕ ЖОҒАРЫ

болғанда да бәріміз бірлесіп, кемшіліктердің орнын толтырып, осы бір қиындықты жеңіп шығуымыз керек қой. Соған байланысты партия да өзінің үлесін қосып жатыр.

Үйлестіру жұмыстарына қатысты айтар болсам, облыстық әкімдік Жайық өзенінің бойын 103 телімге бөлген екен. Ол телімдер өзеннің су тасып, шайып кетеді-ау деген осал тұстарын ескере отырып бөлінген. Соның 7 учаскесін «AMANAT» партиясы өз жауапкершілігіне алып отыр. Олар – Зарослый, Еркінқала, Көкарна, Алмалы сияқты тағы да басқа тұрғын үй алаптарының мандары. Бұл мақсатта бізге «Халық» қоры қаржылай қолдау көрсетіп жатыр. Мәселен, осы жерлерге жалпы ұзындығы 21,2 шақырым бөгет жасалу керек. Күнделікті 120 техника жұмыс істеп, 1 100 адам жұмылдырылған. Осынау көп адамды ішер аспен қамтамасыз ету керек болса, ол мәселені бірінші кезекте шештік.

Одан кейін жердің топырағын қапқа салып, дамба етіп қалап жатырмыз. Соған қап керек. 50 мың қап бүгін келді, оны «Халық» қорының көмегімен Алматыдан алдырдық. Бірақ айтайын дегенім, ол бізге 2-3 күнге жетеді. Өйткені жігіттер күніне 15-20 мың қаптан толтырып, бөген қылып қойып жатыр. Сондықтан тағы да қап іздеп жатырмыз.

Тағы бір үлкен мәселе – жанар-жағармай. Жұмыс істеп жатқан 120 көлікке күнде бензин немесе дизель отыны керек. Оған да «Халық» қоры көмектесіп жатыр. Олар 90 тонна дизельдік отын берді. Бұған дейін ЖЖМ бірде бер, бірде жоқ

болғандықтан, техникалар тұрып қалып, жұмыстар кідіріңкіреген болатын, енді толық жетіп тұр. Күніне таңертең бір көлікке 100-150 литрден беріліп тұр.

Ендігі бір аса маңызды жайт, жанағы айтқан 120 техника аздық етіп отыр. Өйткені біздің уақытымыз аз, болжам бойынша үлкен су 15 сәуірден соң келетін болса, бұл дамбалардың барлығын соған дейін бітіру керек. Ал ол үшін қазіргідей екі есе көп техниканы жұмылдыру керек. Соған байланысты қазір бұл проблеманы шешу жолдарын іздеп жатырмыз. Жекеменшік техниканы тартуға әрекет етудеміз. Десе де, ол азаматтар қолма қол есеп айырысқанды қалап отыр, соған байланысты, құжаттарын реттеуге қатысты осы мәселе тежеліп тұр. Бір-екі күнде шешімін табады деп сенеміз. Қазіргі техниканың үстінен 50 техника қоспақ ойымыз бар. Осы жұмыстар жоспар бойынша жалғаса берер болса, 4-5 күннің ішінде дамбаларды тұрғызып боламыз деп санаймын.

– Телімдер саны тым көп емес пе? Бұған дейін ондай осал жерлерді бітеп қоймаған ба сонда?

– Өзім осы жердің түлегі болған соң, өңірдің жағдайын жақсы білем: бұрынғы Кеңес кезінде қалыптасқан гидротехникалық жүйенің қазір ізі де жоқ. Кезінде Жайықтың жағасында көптеген дамба болды. Отыз жылдан бері Жайық дәлбұлай тасымағандықтан, бір жағы олардың керегі де болмады, сол себепті ол жерлердің бәрін жер учаскесі ретінде беріп, оған халық үй салып тастаған. Енді қазір осы жағдай бәрімізді де алаңдатып отыр. Себебі ол кездегі

гидроқұрылымдардың логикасы, ғылыми тұжырымдалған негіздері болды, олар белгілі бір нақты мақсатпен салынды. Енді оның барлығын алып тастағаннан кейін, сол жерлердің бәрі осал болып тұр. Бір себебі – осында.

Одан соң Президенттің өзі де: «80 жылдан бері болмаған технология өзгерістер бар» деп айтып өтті ғой. Осындай ауқымды себебінен бөлек, ішкі себептерді де атап өткім келеді. Соның ішінде жоспарлауға байланысты, жауапкершілік мәселесіне қатысты сұрақтар бар екенін аңғарып отырмын. Бұл тұста жауапкершілікті тек ауыл-аудан әкімдеріне ғана итеріп қойып, қарап отыру дұрыс емес. Мұнда партияның да, соның ішінде аудан, қала, облыс депутаттарының да жауапкершілігі бар. Мәселен, көптеген қоғам өкілін қазір «Су тасқынының алдын алу мәсінхатта қаралды ма?», «Қаражат жоспарланды ма?», «Жоспарланса, ол итерілді ме?» деген сұрақтар толғандырып тұр. Бұл сұрақтарға әлі күнге дейін жауап жоқ. Бірақ біз оны алдағы уақытта көтеретін жауабын тапсақ қана тепе-теңдік орнап, жүйе қалыптасады. Әйтпесе, атқарушы органға қатысты сұрақ көп. Жаз болса өртенеміз, көктем болса, суға батамыз. Мұның барлығы әкімнің бюджеті мен күздіретіне әкеліп тірелетін сияқты.

– Салыстырмалы түрде айтқанда, бұған дейінгі болған апаттың ауқымы қандай? Жергілікті халықтың көңіл-күйі қалай?

– Бұған дейінгі тасыған судың ауқымы мен күткеннен аздау болды деп айта аламын. Өйткені өзім де

жас кезімде талай көргенмін, талай ауылдарды су шайып кеткен кездер болатын. Бірақ үлкен су енді келе жатыр. Жоғары беттегі су қоймаларының тастап жатқан су көлемі секундына 2 900 текше метр болып тұр. Бұл өте көп. Енді қазір сәл азайды дейді, сонда да болса, бірінші салмақ Орал қаласына, одан соң Атырау қаласына түскелі тұр. Десе де, атыраулықтардың көңіл-күйі, дайындығы өте жоғары. Олар ақпарат көздерінен қарап, жоғары жақта ахуал қандай болып жатқанын біліп отыр. Жұмыс істеп жатқандардың ішінде ауыл тұрғыны көп, одан қалды сырттан келген еріктілер бар. Ешкім байбалам салып, дабыра жасап жатқан жоқ. Керісінше, халықтың арасында ұйымшылдық мықты. Оған өзім де таң қалып, риза болдым. Ауылдарды аралап қарасаңыз, жағала жүрген халықтың саны көп. Көпшілігі жұмыстан кейін болса да келіп, ораза екеніне қарамастан, ауыздарын ашқан соң жағаға барып көмектесіп, бір түнде 5 мың қапқа дейін төсеп жатыр. «Өзіміздің қаламыз өзімізге керек» деген өңгіме көп естіледі. Біреуге әлде мемлекетке сілтеп қойып отырған жоқ. Өздері араласып, өздері жасалған жұмысты қадағалап жүр. Көзіміздің жеткені, біздің халқымыздың қиын кезде ұйымдас қалатын осындай жақсы қасиеті бар. Осы ұйымшылдықтың арқасында осы техногендік апатты аман-есен өткізіп шығамыз деп сенемін.

– Өңірімізге рақмет! Істеріңізге сәттілік тілеймін!

Телефон арқылы жазып алған  
Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

## ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН

8 сәуірдегі ресми дерек бойынша, елімізде су тасқыны басталғалы бері 76 мыңға жуық адам құтқарылған. Оның ішінде 18 мыңнан астамы – бала. Тасқын судан қауіпсіз жерге көшірілген төрт түліктің саны 69 мың бастың үстінде. Тәулік бойы ұйқы көрмей, тұрғындарға қызмет көрсетіп жатқандардың қатарында волонтерлер де бар.

Бүгінде елімізде 600-ден астам волонтерлік ұйым жұмыс істейді. Республикадағы еріктілер қозғалыстарының жұмысын үйлестіріп отырған орталық – «Ұлттық волонтерлік желісі» Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл департамент басшысы Айбек Досымбетовтің сөзінше, еліміз

Қазіргі сәтте еліміздің 15 аймағында гуманитарлық көмек орталықтары ашылды. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, республика жұртшылығы да су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға қолдан келгенше қол ұшын созуға тырысып бағуда. Аталған гуманитарлық орталықтарда жұмыс істеп жатқан волонтерлер алдымен жиналған көмек заттарды сұрыптап, жинастырып, реттейді. Содан кейін жүк көліктеріне тиіп, су басқан өңірлерге жөнелтіп жатыр. «Бүгінге дейін республика бойынша 550 тонна гуманитарлық көмек жиналды. Дәл қазір 25 мыңнан астам ерікті волонтерлік қызмет көрсетуде», – дейді Айбек Досымбетов.

Қарғын судың салдарынан жапа шеккендерге көмек беруде алматылықтар да қол қусырып

Charity қоғамдық қорының төрағасы Бағдат Анарбаевамен байланысқа шықтық. Бағдат Бекболатқызы еліміздің батысы мен солтүстігінде су тасқыны болуына байланысты арнайы штаб өз жұмысын бастағанын, сондай-ақ көмек қабылдау пункті үзіліссіз жұмыс істеп келе жатқанын атап өтті. Оның сөзінше, штабтың жұмыс уақыты таңғы сағат 10.00-ден кешкі 19.00-ге дейін болса да, еріктілер мезгілге қарамастан көмек беруде. «Біз күн сайын әр өңірмен байланыстамыз. Су тасқынынан зардап шеккен аймақтар қазіргі ахуалды және қандай заттар қажет екенін хабарлап, бізге барлық ақпаратты жолдап отырады. Алдыңғы аптада еріктілермен бірге Орал қаласына 10 тонна гуманитарлық көмекті табыстап қайттық. Ал қазір Атырау облы-

апаттар кезінде де үнсіз қалмай, қолдан келген көмегін аянып қалған емес. Былтыр Түркиядағы жойқын жер сілкінісінен зардап шеккендерге 50 тонна, ал Абай облысындағы қызыл жалынның салдарынан қиындық көрген тұрғындарға 5 тоннадан астам гуманитарлық көмек жиналды. Одан өзге еріктілер фронт-офисі демеушілер тарта отырып, бір жылдың ішінде 10 мың аз қамтылған отбасыға, 350 жетім балаға, 800-ден астам картқа көмек көрсеткен.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқарма басшысының орынбасары Азиз Кажденбек гуманитарлық көмекті жинауға қатысқандар әртүрлі жастағы адамдар екенін айтады. «Игі іске атсалысқан қаламыздың әрбір тұрғынына белсенділігі мен қолдауы үшін қала әкімдігі атынан алғысымды білдіремін. Сондай-ақ қиын сәттерде көмек берген еріктілеріміздің еңбегін ерекше атап өткім келеді. Еріктілердің еңбекқорлығы мен қала тұрғындары көмегінің арқасында біз су басқан аймақтарға аз уақыт ішінде көмек қолын созып жатырмыз, – дейді ол.

Су тасқынынан зардап шеккен Ақтөбе облысына да алғашқы жәрдем жеткен. Аймаққа гуманитарлық көмек Алматы, Түркістан, Атырау, Астана, Қызылорда облыстарынан көрші мемлекеттерден (Қырғызстан) келіп жатыр. «Ақтөбе қаласында волонтерлік штаб құрылып, бірнеше бағытта жұмыс істей бастады. Жалпы, жұртшылықтың қолдауымен 300 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жиналды. Оның 250 тоннадан астамы жапа шеккен жандарға берілді», – деп мәлімдеді Ақтөбе облыстық Жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Ақбай Әбішева.

Жалпы, Ақтөбе облысы аумағында 1 061 үйді су басқан. Тасқынын эвакуацияланған 1 636 адам уақытша орналастыру пунктеріне орналастырылып, 10 663 бас мал қауіпсіз жерлерге көшіріліпті. Табиғи апаттан зардап шеккендерге кәсіпкерлер де көмегін беруде. «Арнайы ашылған есепшотта жиналған қаржы «Қамқор-Ақтөбе 2024» қоғамдық қорының бақылауында. Қазіргі кезге дейін



халықтан, кәсіпкерлер мен компаниялардан қорға 316 997 394, 78 теңге қаражат жиналды. Қаладағы 30-ға жуық мектеп эвакуациялық орталыққа айналды. Волонтерлер мен студенттер жүк жинау мен құтқару жұмыстарына белсене атсалысып жатқанына куәміз», – дейді облыстық жастар ресурстық орталығының маманы Жоламан Асанұлы.

Еріктілер ұйымдары жоғарыда аталған қызмет түрімен шектеліп қалмай, жағдайға орай түрлі акция ұйымдастырып отыр. «Ұлттық волонтерлік желісі» Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл департамент басшысы Айбек Досымбетов тасқын су зардабын жою ісінде де волонтерлер қарқынды жұмыс істегелі отырғанын жеткізді. «Осы жұмыстарға қосымша тағы бір акция ұйымдастырып жатырмыз. Ол – волонтер рго-вопо деп аталады, яғни бұл қоғам игілігі үшін қосымша қызмет. Енді көмекке мұқтаж азаматтар волонтер-зандерлердің қызметіне жүгіне

алады. Бұл жерде де қызмет тегін көрсетіледі. Pro-bono волонтерлер тасқыннан зардап шеккен тұрғындардың құжаттарын қалпына келтіруге, өтемақы алуына көмектесіп, қағаздарын реттесуге қол ұшын береді. Біздің бұл акциямызды қолдап тегін заңдық қызмет көрсету ісіне атсалысайық деп өтініш беріп жатқан азамат да көп», – дейді ол.

Одан бөлек, волонтерлер су басқан 9 облыс аумағында қиындық көрген тұрғындарды, арнайы эвакуацияланған азаматтардың орналасқан жеріндегі жатын-орын ұйымдастыру, ыстық тамақ әзірлеу және оны уақытылы жеткізіп отыру, жылы киімдерді тарату секілді міндеттерді мойнына алған. Сондай-ақ еріктілер құтқарушы мамандардың, әскерилердің уақытылы тамақтануын да ұйымдастыруға атсалысып жатыр.

Әзірлегендер:  
Бауыржан БАЗАР,  
Алғнайы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



аумағы бойынша 20 өңірде жедел телефон штабтары ашылды, қызмет көрсетіп жатыр. «Ол жердегі волонтерлер тұрғындардан келген әртүрлі сұраққа жауап беріп, қоңырау шалған азаматтың қажеттілігіне орай кеңес айтып, бағыттап отырады. Еріктілер штабта тек тұрғындардан телефон қоңырауын қабылдап қана қоймай, төтенше жағдай қызметі, құтқарушылар, әскерилермен де байланыс орнатып, апат болған жерде қызмет көрсетушілермен арадағы өзара байланыс секілді түрлі қызметті үйлестіріп отыр», – дейді ол.

Отырған жоқ. Өткен аптада өңірлерге гуманитарлық көмектің алғашқы партиясы жөнелтілді. Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы берген деректерге сүйенсек, алты күннің ішінде 10 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жиналған. Соның ішінде 2,5 тоннадан астам киім-кешек, 1 тонна гигиеналық өнімдер, 3,5 тоннадан астам азық-түлік, тұрмыстық заттар және тағы басқа бар. Біз Алматы қаласында орналасқан қабылдау пунктерінің жұмыс қарқынды білу мақсатында Алматы қаласы еріктілер фронт-офисінің жетекшісі, Qatqor

сына гуманитарлық көмек жинап жатырмыз. Бүгін біз гуманитарлық көмектің 1 партиясын жіберуді бастадық. Жиналған заттардың бір бөлігін Атырау облысына Aig Astana және Fly Arystan компаниялары, екінші бөлігін қаламыздың кәсіпкерлері тегін жеткізіп беруге ниет білдірді. Біз сұраныс бойынша барынша қолдау көрсетіп, көмек беруге тырысамыз. Сондай-ақ бізде күнделікті call-орталығы жұмыс істейді», – дейді Б.Бекболатқызы.

Айта кету керек, алматылық еріктілер осыған дейін Қазақстанда және әлемде болған табиғи



# ЕШКІМ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ



(Басы 1-бетте)

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

БҚО-дағы 5 ауданда және Орал қаласында су тасқыны салдарынан тұрғын үйлер мен саяжайларды су басты. Облыс бойынша 7 мыңға жуық адам құтқарылды. Эвакуациялық пункттерде барлық қажетті жағдай қамтамасыз етілген, су тасқынынан зарлап шеккендерге мыңдаған ерікті көмек көрсетуде. Халыққа азық-түлік пен дәрі-дәрмек, киім-кешек тасымалы, сондай-ақ кезекшілік ұйымдастырылған. Оқушылар онлайн-форматта оқуын жалғастыруда.

Батыстық азаматтар бас біріктіріп бірлесіп еңбек етуде. Қалада Жайық, Шаған өзендері жағалауларында мыңдаған ерікті жастар жүр. Олардың бәрін де «Сүйікті қаламызды тасқын судан аман алып қаламыз» деген ізгі ниет біріктірген. Дәл бүгінгі күні Жанакала, Таскала, Бәйтерек аудандарынан ерікті жастар қалаға қарай келіп, орналасып жатыр. Тегісе, темір үзетін жігіттер құм салынған қапшықтарды көлікке тиіп, оны өзен жағасына түсіру, текшелу жұмыстарына араласып жатыр.

БҚО-да қызыл судың әлегі басталғалы өзге аймақтар қол ұшын беріп, жанашырлық танытып жатқанын айтпай кетсек ұят болар. Бүгінге дейін Алматы, Астана, тіпті Қырғызстаннан гуманитарлық көмек келіп жетті.

Кеше ғана Астана қаласынан 28 тонна гуманитарлық көмек келді. Айналдырған 15-20 минуттың ішінде жастар жүк көлігіне тиелген азық-түлікті түсіріп, қоймаға кіргізіп үлгерді. Енді Қырғызстан мемлекеті жолдаған көмектің алғашқы легі келеді. Осы елге келіп жатқан көмекті

түсіру, орындарына жеткізу істерінде де өрмдей жастар уақытпен санаспай, тынымсыз еңбек етуде. Аймақтағы «Аманат» партиясының өкілдерінің ұйымдастыруымен Қаратаөбе, Сырым аудандарына бірнеше тонна гуманитарлық көмек жөнелтілді. Тіпті, суға кетіп, көлік жүрмей қалған Қаратаөбе ауданының Қоржын ауылына тікұшақпен гуманитарлық көмек жіберіліп отыр.

— Батыс Қазақстан облысы Қаратаөбе ауданының Қарақамыс ауылына «Қазавиақұтқару» АҚ Ми-8 тікұшағымен Төтенше жағдайлар департаментінің көмегімен Батыс Қазақстан облысының Кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасынан 2 тонна көлемінде гуманитарлық көмек жеткізілді. Қарақамыс ауылы қазір көлік қатынасының қалып отыр. Қазіргі уақытта су тасқынына қарсы жұмыстарға Төтенше жағдайлар департаменті, жергілікті атқарушы органдар, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық ұлан және Ішкі істер министрлігінен 998 адам, 300 бірлік техника, сондай-ақ ТЖД және ЖАО-дан 124 бірлік мотопомпа жұмылдырылды. Қорғаныс министрлігінің екі тікұшағымен Қаратаөбе ауданының 271 тұрғын эвакуацияланды. Біздің төтеншеліктер мен құтқарушы мамандарымыз тәулік бойына қызмет етуде, — деп мәлімдеді БҚО ТЖД-ның баспасөз қызметі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кешегі халыққа үндеуінде «Су тасқыны болған аймақтарда бірде-бір адам ескерусіз қалмайды, барлығына мемлекет тарапынан көмек болады» деген еді. Осы тапсырмаға сәйкес, БҚО-да су тасқынынан зарлап шеккен ағайынның шығынын есептеу үшін комиссия өз жұмысын бастады. Аймақ басшысы Нариман Төреғалиев те «Ешкім назардан тыс қалмайды, көмек

жалпыға бірдей беріледі» деп қатан талап қойып отыр.

Президент тапсырмасы аясында облыстан 185 бала лагерге демалысқа бара жатқанын айта кетейік.

Облыстық Білім басқармасының бөлім басшысы Хажарбибі Искандерованың айтуынша, демалыс орындарына 185 оқушы барады деп жоспарланған. Олар Бөрлі, Қаратаөбе, Сырым, Теректі аудандары мен Орал қаласынан. Қазір демалыс орнына жолданған балалардың алғашқы легі жолға шықты. Бірінші лекпен аттанған 70 бала 10-24 сәуір аралығында Алматы облысындағы «Тау жанашар» сауықтыру лагерінде демалады.

Ал 13 бала 10-30 сәуір аралығында Алматы қаласындағы «Бөбек» сауықтыру орталығында демалады. Одан бөлек, 102 бала Қызылорда облысы Қазалы қаласындағы «Камбаш» сауықтыру орталығына жолданды. Ол жақта оқушылар 10 күн демалатын болады, — деді Білім басқармасының бөлім басшысы Хажарбибі Искандерова.

Бұл жаналық ата-аналарды қуантты. Себебі өздері эвакуациялық пунктте жүрген балалар үшін бұл үлкен тосынсыз болғаны рас.

— Біздің үйге су кіретін болған соң автобуспен спорт залға жеткізді. Ал бүгін бізді Алматыға лагерге жіберіп жатыр. Қасымда эвакуациялық пунктте танысқан достарым да бар. Мен бұрын Алматыда болмаған едім, ол жақтағы демалысымыз жақсы өтеді деген ойдамын. Біздерді Алматы қаласына жіберген аға-апаларға, ата-анам ризамын, — дейді қуанышын жасыра алмаған Ж.Досмұхамедов атындағы МББҚ оқушысы Оразбек Сырымбек.

Тасқынға тосқын демекші, бүгінгі күні Жайық, Шаған өзендерінің айналасындағы бөгеттерді бекіту жұмыстары өте қарқынды жүріп жатыр. Облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің су жағалауларында орналасқан электр тораптары мен «Батыс су арнасы», «ЖайықЖылуҚуат» мекемесі секілді стратегиялық нысандарды күніне екі мәрте барып қалағалап отыр.

— Қандай жағдай болса да халық сусыз, жарықсыз, жылусыз қалмауы керек. Сондықтан да мен күніне екі мәрте қаладағы стратегиялық нысандарды аралап жүрмін. Бақылауды күшейте береміз. Қосалқы электр стансасы мен Батыс су арнасы мекемесі Жайықтың дәл түбінде тұр. Біз бұл мекемелерді суға батырып қоя алмаймыз, — деді аймақ басшысы Нариман Төреғалиев.

Аймақ басшысы күні кеше ғана облыс тұрғындарына үндеу жолдады. Облыс әкімі сол үндеуі арқылы қиын-қыстау заманда бірлік танытқан батысқазақстандықтарға алғысын білдірді.

«Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер» деген тасқында тосқын боламыз деп толарақтан су кешіп жүрген азаматтардың арқасында бұл күндер де артта қалар.

Батыс Қазақстан облысы

# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ҚАУІП СЕЙІЛДІ

Қарағанды облысында қарғын судың қауіп сейіліп, келтірілген залал есептеліп жатыр. Айта кету керек, наурыз айының аяғында күн күрт жылынып, бірнеше ауылды су алды. Дегенмен алдын ала дайындық су тасқынын барынша аз шығынмен өтуге септігін тигізді.



Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

Аймақта су тасқынына қарсы іс-шаралар республикалық Жол картасы және облыстық инженерлік жұмыстар жоспары аясында 20 елді мекенде 90 шара іске асырылды. Бұл өз кезегінде ауқымды су тасқынын төмендетуге мүмкіндік берді.

— Әрине, көп жағдай ауа райына байланысты — күзде топырақтың ылғалдануы, жердің қатуы, күндізгі және түндегі ауаның жылы болуы өз әсерін тигізді. Алайда 2015 жылы болған ауқымды су тасқынынан соң іске асырылған жұмыстардың нәтижесінде соңғы жеті жылда 122 елді мекенде қызыл су жүру қаупін төмендетуге мүмкіндік туды. Әрине, шаттан тыс жайттар да болды. Ондай жағдайлар алдағы уақытта қайталанбас үшін жұмыстар жүргізіміз, — дейді Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов.

Тек былтырдан бері облыс бойынша 8 шақырым қорғаныс білігі мен дамба орнатылды, өзен арналарының су көтерілу қаупі бар 45 шақырым учаскелері тазартылды. Бұған қоса, 54 су шаруашылығы нысандары жөнделді. Автожолдардың 66 учаскесінде су өту қабілеті ұлғайтылды.

Су тасқыны алдында арнайы қор дайындалып, инертті материалдар мен қаптар әзірленді. Елді мекендерден 3 млн текше метр қар шығарылды. Дегенмен де су тасқыны ауқымды болды.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, үш су қоймасы арқылы 600 млн текше метр су өткен. Мұндай көлемде су соңғы рет 2017 жылы тіркелген. Қазір облыста су тасқыны бәсеңдеді, жағдай тұрақталды.

## 41 ҮЙ ЗАРДАП ШЕКТІ

Су басқан ауылдарда қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды. Комиссия залал көлемін есептеуді аяқтап қалды. Үйлерді сатып алу немесе салу мәселесі қарастырылуда.

— Барлық зардап шеккендерге жан-жақты қолдау көрсетіледі. Зардап шеккен тұрғындардың жағдайын қалыпқа келтіру үшін барлық қажетті шаралар қолданылып жатыр. Ауызбірліктің арқасында су тасқыны барынша минималды шығынмен өту үшін барлық шараларды қолдана алдық. Бүгінде барлық 237 гидротехникалық нысандар іріктелісіз жұмыс істеп жатыр, қажетті су көлемімен толықтырылған, — дейді Бауыржан Асанов.

Шет ауданында 41 үй су тасқынынан зардап шеккен болатын. Залал сомасын анықтау үшін арнайы комиссия құрылды. Ол Ақсу және Қайрақты ауылдарында жұмысын аяқтады, келесі кезекте Діріпсал және Красная Поляна ауылдары зерттеледі. Мүлік шығынын бағалаумен қатар үйлердің техникалық жағдайы да анықталады.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шет ауданында су тасқынынан зардап шеккен тұрғындармен кездесіп, төтенше жағдайларды жою жөніндегі штабтың отырысын өткізді.

— Қазір аудандық комиссия белсенді жұмыс істеп жатыр. Үйлерді техникалық тексеру аяқталды, оны аккредиттелген ұйым жүргізеді. Тө-

лемді келесі аптада бастаймыз. Сонымен қатар зардап шеккендерге 100 АЕК көлемінде біржолғы материалдық көмек көрсетіледі, — деді Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров.

## МАЛ ШЫҒЫНЫ ЕСЕПТЕЛДІ

Ветеринариялық стансаның мамандары кірген комиссия малдың шығынын анықтады. Су тасқынынан 111 бас мал: 22 жылқы, 72 ұсақ мал және 17 ірі қара өлген. Келтірілген шығын иелеріне өтеледі.

Сондай-ақ ауданда су тасқыны бұзып өткен ішкі жолдарды қалпына келтіру жұмыстары басталып кетті.

Ауылдарда су тасқыны кезінде 39 мың текше метр еріген су сорылып, 45 мың дана құмды қап төселіп, қорғаныс оқпандарын нығайтуға 2,5 мың тонна инертті материал жұмсалды.

Ермағанбет Бөлекпаев ең көп зардап шеккен Нұра өзені бойында орналасқан Қайрақты ауылында болып, су басқан үйлерді аралап, тұрғындармен сөйлесті.

— Ешкім үйсіз қалмайды. Барлық қажетті көмек көрсетіледі, — деді ол.

Қайрақты ауылында үйлерін су басқан тұрғындарға көмірмен көмек көрсетілді.

## ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Су тасқынынан зардап шеккендерге алаңдаулы қазақстандықтар да көмектесуде. Шет ауданына облыстық «Әнет баба» мешітінен, «ӨРЛЕУ» БАҰО» Қарағанды облысы бойынша кәсіптік даму институты» АҚ филиалынан, «Шығыс» базарында үйлерін су басқан тұрғындарға көмірмен көмек көрсетілді.

— Наурыздың 29-ы күні бізге су келді. Содан бері жергілікті билік пен құтқарушылар бізбен үнемі бірге болды. Олар көмек көрсетіп, айналма жолды қалпына келтіруге. Келтірілген шығынды анықтау жұмыстары жүргізілуде. Бізге гуманитарлық көмек жинаған қамқор тұрғындарға рахмет! Бұл табиғи құбылыс, ешкімді кінәлауға болмайды. Үйімді су басты, қорам бұзылды, жарымды су басты. Мал аман қалды: дер кезінде қауіпсіз жерге апардым, — дейді Қайрақты ауылының тұрғыны Талғат Әбжанов.

Еріктілер су тасқынынан зардап шеккен Шет ауданының тұрғындарына гуманитарлық көмек ретінде азық-түлік, киім және тесек-орын жиналды. Гуманитарлық көмек жинау «Жүректен жүрекке» арнайы жобасы аясында ұйымдастырылды.

Жедел жәрдем қызметінің жүргізушісі қарағандылық Төреғали Берікәліұлы алғашқылардың бірі болып гуманитарлық жүктерді алып жүруге еріктілер қатарына қосылды.

— Бүгін менің демалыс күнім, құр отырмай, игі іске қатысуға бел будым. Мен ауылдарға барамын, гуманитарлық көмек таратуға көмектесемін. Белсенді азаматтық ұстанымымызды қазір көрсетпегенде қашан қорсетеміз? Мен су тасқынынан зардап шеккендерге шын жүректен жаным ашиды және олардың тез арада қайта қалыпқа келулерін тілеймін, — дейді Төреғали Берікәліұлы.

Қарағанды облысы

# ЖАМБЫЛДЫҚТАР ЖҮДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫЛДЫ

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді қазақ даналығы. Қиын-қыстау күндерде «бір жағандан бас, бір жеңнен қол шығару» — қазақтың қанына біткен қасиет. Соңғы үш жетіде елімізде болып жатқан су тасқынына да жамбылдықтар жұдырықша жұмылды. 91 тонна азық-түлік, 22 тонна өзге де қажетті тауарлар мен ақшалай 5,8 миллион теңге жөнелтті. Сондай-ақ 0,23 тонна дәрі-дәрмек топан су астында қалған ағайынға жетті.



Саятхан САТЫЛҒАН

«Жақсының жақсылығын айт, ырысы тасысын» дейді. Алғашқылардың бірі болып ай басында қоғам белсендісі Мөллдір Анарбаева бастаған азаматтар актіобеліктерге «Біз біргеміз!» ұранымен гуманитарлық көмек жөнелтті. «Ауыл — береке», «Киров» базарлары мен №8 ықшам ауданындағы «Фиркан», «Скиф» сауда орындарына қойылған жүк көліктеріне кәсіпкерлер мен қала тұрғындары азық-түлік пен қажетті тауарларды тиіп, алыстағы ағайынға қол ұшын созды.

Бұдан кейін өзге ұлт өкілдері игі іске өз үнін қосты. «Жүректен жүрекке» акциясы аясында Қазақстан халқы Ассамблеясы өңірлік филиалының азық-түлік пен қажетті тауарлар жинайтын нүктелері жұмысын бастады. Сондай-ақ тікелей ақшалай аударымға Kaspi.kz есепшоты ашылды. Нәтижесінде, өңірлік Қан орталығының директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Гулам Умаров 200 мың теңге көлемінде көмек аударса, «Ассамблея жастары» бірлестігі 7 860 450 теңгеге теңелген гуманитарлық көмек жинаған.

Өзбек этномәдени бірлестігінің мүшелері де қайырымды істен шет қалмай, ақшалай көмек көрсетсе, «Архыз» бірлестігі 150 мың теңге аударым жасаған.

Тректер болса, актіобелік ағайынға 400 мың теңгеге азық-түлік пен қажетті мате-

риалдар жөнелтсе, «Вынхуа» дүнген этномәдени бірлестігі 9 миллион 500 мың теңгеге 2 жүк көлігіне тиелген гуманитарлық көмек жіберген.

Ұйғырларда 1,5 миллион теңгеге жылу жинаса, «Шиват Цион» еврейлер бірлестігі 250 мың, «Манас» қырғыз этномәдени бірлестігі 3 миллион теңге, «Хазар» әзербайжан бірлестігі 1,1 миллион теңге, тәжік этномәдени бірлестігі 50 мың теңге және «Ахысқа» түрік этномәдени бірлестігі 10 миллион теңге көлемінде көмек көрсеткен. Ал М.Қашқари атындағы Шу аудандық ұйғыр этномәдени бірлестігінің жастары 10 миллион теңгенің азық-түлігі мен қажетті материалдарын жинап берген. Осылайша, этномәдени бірлестіктер бірлігі мен ынтымағын көрсетіп жатқанда Тараз қаласының тұрғындары да 1,1 миллион теңгенің азық-түлігін қабылдау нүктелеріне өткізген.

Облыстық жастар ресурстық орталығының жастары болса, мақаран, ұн, сұйық май, күріш, кант, шай мен зерекке етіктерден құралған 650 мың теңгенің гуманитарлық көмегін жинап, көпке үлгі іс қылып отыр.

— Өңірлерде су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында Жамбыл облысы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасының Жастар ресурстық орталығында гуманитарлық көмек қабылдау пункті жұмысын бастады. Тауарлар Тараз қаласы Төле би даңғылы 35 мекенжайында орналасқан облыстық во-

лонтерлік фронт-офисте қабылданды. Су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинау туралы ақпарат әлеуметтік желілерде, түрлі мессенджерлерде таратылып, белсенді жастарымыз жеке кәсіпкерлермен жеке-жеке түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде, облыс бойынша 65,17 тонна тауар жиналды. Оның ішінде «Жастар ресурстық орталығының» гуманитарлық көмек қабылдау пунктінде азық-түлік өнімдерінен 15 қап кант, 15 қап күріш, 10 қап ұн, 7 қорап «Сәулелі» печенбесі, 6 құты сұйық май, 7 қорап «Мадина» маркалы, вафли, түрлі печенбесер, суши және азық-түліктік емес тауарлар мен киім-кешектерден 30 келі кір сабын, 6 дана резенке етік, 3 қорап химиялық тауарлар жиналды. Тауарларды сұрыптауға 30 ерікті жұмылдырылып, орталық жылу жинау нүктесіне жеткізілді.

Қазақ халқы қандай қиындықта да қол ұшын созған. Жақын емес, жаттың өзін бауырға баса білген. Сондықтан осындай қиын қыстау кезеңде бірлігімізді көрсетіп, топан су астында қалған ағайынға көмек көрсетуге барша қазақстандықтарды шақырамын! — дейді облыстық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жомарт Зұлпыхар.

Іә, жастардың жігері қандай мақтауға да лайық. Мұндай игі бастамадан саяси партиялар да шет қалмауда. «AMANAT» партиясының мүшелері 78 500 теңгеге азық-түлік пен қажетті тауарлар алып берсе, Respublica партиясы өңірлік филиалының мүшелері 98 мың теңгеге ыдыс-аяқ, төсеніштер мен матрастарды қабылдау нүктелеріне тапсырған.

Осылайша, бүгінде 49 957 000 теңгенің гуманитарлық көмегі жиналып, кеше азық-түлік тиелген жүк көліктері жолға шықты. Оның 100 тоннадан астамы азық-түлік пен қажетті тауарлар болса, 5,8 миллион теңге ақшалай жөнелтіліп отыр. Сондай-ақ Жамбыл облысы бойынша 210 ерікті су алған елді мекендерге көмек жинауға өз үлестерін қосуда. Бұдан бөлек, кеше 260 тонна пияз тиелген 13 жүк көлігі де Жамбыл облысы атынан төтенше жағдай жарияланған өңірлерге аттанды.

Әрине, бұл үйсіз-күйсіз қалған ағайынның жоғын түгендеп бермес. Алайда жаңа жұбат болса игі. Жығылған жұртпен қазақстандықтар бірге екенін сезінсе, көңілге сол да демеу. Әлбетте, мұндай жағдай енді қайталанбасын деп тілейміз. Ең бастысы, қауіптің беті сейіліп, халық қайта құтты қонысына оралсын!

Жамбыл облысы



# ТАСҚЫНҒА ТОСҚЫН ҚОЯ БІЛДІ

Тасқын судың құрсауында қалған еліміздің барлық аймағы бір жұдырық болып жұмылып, қауырт режимде жұмыс жүргізіп жатыр. Қарғын судың салдарынан өзендер арнасынан асып, арыны қатты ағын суды ауыздықтап арнасын бұру, елді мекендердің іргесіне су кетпеуін кірпік қақпай қадағалап, суға кеткен үйлерден адамдар мен жан-жануарларды құтқару елдің Төтенше жағдай қызметі мен Жергілікті атқарушы органдарға аса ауыр сын болды. Дегенмен күрделі кезеңде бірлік пен ынтымақтың жылы лебі есіп, ерікті адамдар мен өзге аймақтардан жеткен әскерилер мен құтқарушылардың табанды әрекетін, түрлі қоғамдық ұйымның тарапынан істеліп жатқан қайырымдылық көмек жайлы атап өтпеске болмайды...

Наурыздың ортасынан бастап аса күрделі жағдайда су тасқыны басталған аймақтың бірі — Ақмола облысы. Тілсіз жаудан 12 мыңнан астам халық тұратын 112 елді мекенге қауіп төнген. Қазір аймақтың Атбасар, Целиноград, Аршалы, Сандықтау, Астрахан, Көкшетау сияқты бірқатар өңірлерінде жағдай аса күрделі. Тасқындың екінші толқыны басталып, Төтенше жағдай қызметі жеке құрамы мен басқа да барынша қауырт жұмыс жүргізуге мәжбүр етті.

Төтенше жағдай қызметінің мәліметінше, қазір өңірдің Жабай, Нұра, Есіл, Колутон сияқты өзен-

дердің арнасынан асып кетуі қауіп аса жоғары. Сондықтан аталған өзендердің 64 учаскесінде тоң болып қатқан сіреу мұздарды жарып, судың іркіліссіз өтіп кетуі үшін барынша әрекет жасалып жатыр.

Облыстың штаб төрағасының орынбасары Елдос Рамазановтың айтуынша, дәл қазір өңірдегі су тасқыны бойынша жағдай толықтай бақылауға алынған. Білім беру және әлеуметтік нысандардың бәрі штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Дегенмен бірқатар өзен арнасынан асып кетуі себепті өңірдің бірқатар ауданында бөгенді нығайту, қалпына келтіру жұмыстары қауырт жүріп жатыр.

— Көкшетау қаласының Қылшақты өзені кезен-кезенімен 2 метрге дейін көтеріліп, жағалаудағы бірталай аумақты су басқан. Облыстың Аршалы, Ерейментау, Шортанды, Целиноград аудандарында, әсіресе Астана маңындағы елді мекендерде жағдай күрделі. Қауіптің алдын алу үшін 32 шақырым болатын қорғаныс бөгені тұрғызылды. Оның ішінде 16 шақырым Астана қаласы маңындағы елді мекендерде топырақ үйіндісі қойылды. Өзендер мен каналдар арнасында 18 шақырым жағалау нығайтылды. Қазір облыс бойынша шығын көлемі есептеу мақсатында арнайы комиссия құрылып, тұрақты түрде жұмыс жүргізіп жатыр. Келтірілген шығын көлемі қысқа мерзім ішінде өтелетін болады, — дейді Ақмола облысы штаб төрағасының орынбасары Елдос Рамазанов.

Облыс әкімінің мәліметінше, қазір су тасқынымен күресуге барлығы 2,5 мыңнан астам адам,



1 мыңнан астам техника, сондай-ақ мотопомпалар мен жүзу құралдары тартылған. Әлі де болса, Астана су қоймасынан секундына 350 куб метр көлемінде су жіберіледі.

Төтенше жағдай кезінде облыста өңірдің су басқан елді мекендерде құтқарушылармен қатар қарапайым тұрғындар да өз еркімен қолдарына күрек ұстап, өзендер арықтардың жағалауына бөгендер салып, арналарды ауылдан

әрі қарай бұрып жіберуге белсене кіріскен. Мәселен, Біржан сал ауданының, Көдебас ауылы, Зеренді ауданының Игілік, сияқты ауылдарда ауыл тұрғындары да елдің аманлығы үшін аса ауыр жұмысқа белсене кірісіп, тасқын судың елді шайып кетуінен аман алып қалған.

Облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің соңғы мәліметіне сенсек, құтқарушылар тасқын судың салдары мен алдын алу шараларын жүргізу үшін барынша

қауырт режимде жұмыс жүргізіп жатыр.

— Бүгінде эвакуация бекетінде ешқандай адам жоқ. Жалпы, 26 наурыздан бері облыс аумағында су тасқынынан зардап шеккен 687 адам құтқарылды. Сондай-ақ су тасқыны кезінде қауіп төнген 18 905 мал эвакуацияланды. Жалпы, бүгінгі күнге дейін Қосшы қаласы, Ақкөл, Шортанды, Астрахан, Жарқайың және Целиноград аудандарында су басқан елді мекендерден 9 180 текше су сорылды. Жалпы, су тасқынымен күреске 892 адам, 291 техника, 69 мотопомпа және 12 жүзу құралдары жұмылдырылған, — дейді Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаментінің жедел штабынан.

Сын сағатта өңірдің волонтерлер қауымы да бір жағадан бас, бір женнен қол шығарып, тасқын судан жапа шеккендерге қолдарынан келгенше көмек бере бастады. Мәселен, «Қоғамдық келісім» қызметкерлері мен «Ассамблея жастарынан» құралған 140 ерікті су тасқынынан зардап шеккен 198 отбасыға көмек көрсеткен. Ақция шеңберінде «Жомарт жан» ассамблея орталығы Парламент Сенатының депутаты Тәлішер Сатыбалдиев пен Геннадий Шиповских бас болып өңірде екі жүз көлігімен азық-түлік, жылы киім-кешек пен гигиеналық құралдар жеткізген. Арнайы келген делегация су тасқыны кезінде зардап шегіп, Көкшетау қаласының бейімдеу орталығына орналастырылған адамдармен кездесіп, жалпы сомасы 400 мың теңгеге алынған азық-түліктер мен заттардың бір бөлігін табыс еткен.

Сонымен қатар өңірдің ассамблеясы құрамындағы түрлі ұлт өкілінің орталықтары да қайырым-

дылық көмек көрсетуге белсене ұмтылғаны байқалады. Мәселен, «Санги-Кабуд» Тәжік ұлттық мәдени орталығының мүшелері қаланың су басқан жекеменшік үйлердің маңындағы қасат қарды шығаруға 3 жүк тиегіш пен 2 КаМАЗ көлігін, сонымен қатар Қызыл Жұлдыз ауылының 45 отбасына азық-түлікпен көмек берген. Мұнымен қоса орталық мәліметінше, Этономәдени орталық төрағасы құм салатын қапшықтар, волонтерлер киетін арнайы киімдермен қамтамасыз етуді мойнына алған. Ұсынылған жалпы сома — 6,4 миллион теңге.

«Манас» Қырғыз этномәдени бірлестігі 1,5 миллион теңге сомасына төсек-жаймалары мен балалар заттарын, «Бари» армяндар орталығы су тасқынымен күрес үшін 3 жүз көлігін, 2 экскаватор мен 3,1 миллион теңге сомасында қаржылай көмек, Чуваш және Өзбек этномәдени орталықтары шатырда түнеп жатқан құтқарушыларға арнап 800 мың теңге сомасына азық-түлік пен ыстық тамақ жеткізуді ұйымдастырған. Облыстық мәслихат депутаттары мен ассамблея мүшелері жалпы сомасы 2,5 миллион теңгеге азық-түлік өнімін берген. Жалпы, облыс тұрғындары және ассамблея мүшелерімен 15,5 миллион теңге сомасында қайырымдылық көмек көрсетілгені мәлім болды.

Қысқасы аймақтағы барлық күш-құрылымдары мен түрлі ұжым мен ерікті елді ауыр сынға душар еткен су тасқынына қарсы барынша тамақ әрекет етуде. Расында да, тек бірлескен кезде ғана ауыр сын мен қиындықты енсеруге болатыны сөзсіз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы



Кез келген апаттың көзге көрінетін және көрінбейтін кері салдары болады. Әрине, су тасқынынан соң әдетте бірінші болып материалдық шығындарды түгендейміз. Бірақ қарғын судан туындайтын эпидемиологиялық және экологиялық қауіпті де естен шығармағанымыз абзал. Себебі азық-түлік қауіпсіздігі су шайған жерлердегі топырақтың құнары мен құрамына тікелей тәуелді. Оны қалпына келтірудің амалы қандай? Төтенше жағдайды болдырмаудың тиімді жолдары бар ма?

Су тасқынынан аймақтағы ел-жұрттың малы суға кетіп, зираттар да қарғын судың астында қалғалы халық көкейінде су арқылы түрлі ауру тарап кетпес пе екен деген күдік пайда болғаны рас. Бұл тұрғыда Денсаулық сақтау министрлігі аймақтардағы эпидемиологиялық ахуалдың тұрақты екенін мәлім етті. Сондай-ақ ведомство қазір Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет (СЭК) күшейтілген режимде жұмыс істеп жатқанын хабарлады.

«Судың сапасы мен қауіпсіздігіне зертханалық бақылау нәтижелері бойынша жұқпалы аурулардың су арқылы таралу қаупі жоқ», — делінген хабарламада.

Министрліктің ресми мәліметтеріне сүйенсек, зерттеу жүргізілген 4 мыңнан астам сынамалардың 133-нің гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтіні анықталған. Сондықтан Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көздерінің нысандарына күшейтілген бақылау жүргізуде.

Ведомство өкілдері су тасқыны жағдайына байланысты тағамнан улану мен жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында сақ болуға кеңес берді:

- Ішу және тамақ пісіру үшін тек бөтелкедегі немесе қайнатылған суды пайдаланыңыз;
- Су басу орындарында бұлақтардан, құдықтардан және ұңғымалардан су ішпеңіз;
- Су тасқынына малынған тамақ өнімдерін пайдаланбаңыз,

мүмкіндігінше оларды кеміргіштер мен су тасқыны үшін қол жетпейтін жерлерде сақтаныз;

• Су тасқынынан кейін барлық бөлмені дезинфекциялық ерітінділермен өңденіз;

• Егер жұқпалы аурулардың белгілері болса (дене температурасының жоғарылауы, жүрек айну, құсу, нәжістің босауы, тамақ ауруы, бөртпе және тағы басқа), бұл туралы дереу медицина қызметкеріне хабарлау қажет.

Мұндай төтенше жағдайда жануарлар арасында жұқпалы аурулардың таралуын болдырмау үшін Ауыл шаруашылығы министрлігі де ауқымды ветеринариялық профилактикалық іс-шаралар жүргізуде. Ведомствоның мәлімдеуінше, жануарлардың ерекше қауіпті 25 ауруы, оның ішінде бруцеллез, лейкоз, жылқы жұқпалы анемия және тағы басқа бойынша 13 635,6 миллион теңгеге 74,9 миллионнан астам диагностикалық зерттеу жүргізілді.

«Сонымен қатар 178,2 млн манипуляция жасау жоспарлануда. Бүгінде республикалық қорда жануарлар мен құстардың 23 ауруына қарсы 77,0 млн доза вакцина бар, олар көктемгі кезеңнің алдын алу шараларын уақтылы жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдарға жолдануда. Іс-шараларға бүкіл ел бойынша ветеринариялық қызметтер, соның ішінде ветеринариялық стансалар мен пункттер қатысады. Қазір бекітілген жоспарға сәйкес диагностика және екпе жұмыстары басталып кетті», — делінген хабарламада.

## СУ АСТЫНДАҒЫ ТІРШІЛІК

Сондай-ақ министрлік ел азаматтарын үй жануарларын тексеру және вакцинациялау жұмыстарына атсалысуға шақырады. Бұл бастама жануарлар арасында жұқпалы аурулардың пайда болу және таралу қаупін азайтуға бағытталған.

Тасқындың мал шаруашылығына бөлек, егін шаруашылығына да кері әсері жоқ емес. Мамандардың пікірінше, бір жағынан аса жоғары мөлшердегі ылғалдылық топырақта кездесетін микроағзаларды жойса, екінші жағынан ағыспен келген су топырақтың беткі құнарлы қабатына зиян келтіреді.

— Су тасқыны нәтижесінде топырақ эрозиясы жүруі мүмкін. Егер су деңгейі көтеріліп төмен түссе,

Иллинойс университетінің Энтомология және афроамерикалық зерттеулер кафедрасының ассистенті Эстер Нгумби бұл бағыттағы зерттеулер салыстырмалы түрде әзекелендігі айтады. Дегенмен солардың нәтижесінде су тасқыны топырақ пен топырақ-микробтық қауымдастықтардың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін екені анықталған.

«Су тасқынының көзге ұрып тұрған материалдық шығындарымен салыстырғанда, оның топыраққа кері әсері де орасан зор. Себебі су тасқыны топырақтың биологиясына, сондай-ақ пайдалы микроорганизмдерге және топырақта өмір сүретін және өсімдік қалдықтарын ыдырату, қоректік

дарға да зиянды. Себебі құнарлы өндірісінің пайдасы. Сонымен қатар су тасқынынан кейін өсімдіктерді түрлі аурудан қорғауға, топырақ құнарлылығын және ондағы микро организмдердің қалпына келуіне ықпал ететін шараларды анықтау керек. Мысалы, су тасқынынан кейін бірден азотты тыңайтқыштарды қолдану суда қалған өсімдіктерді тірілтуге көп септігін тигізетін стратегиялық амалдың бірі», — дейді Иллинойс университетінің ғалымы.

Жалпы, су тасқынының алдын алу мүмкін бе? Мұндай ауқымды апатты жағдайда барлық жауапкершілікті жергілікті басқару органдарына сілтеу қаншалықты мүмкін? Мәжіліс депутаты «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ерлан Саировтың пікірінше, бұл — көптеген кешенді проблеманың әсерінен туындаған жағдай.

— Бүгінде аудандық, облыстық деңгейдегі өкімдер жауапкершілікті өзіне алғысы келмейді. Өйткені олар ертен міндетті түрде құқық қорғаушы органдардың назарына ілігуі мүмкін. Сондықтан қоғамдық бақылауды кеңейте отырып, өкімдердің өкілеттілігін арттыру қажет. Сонымен бірге мәслихаттардың да миссиясын арттырған абзал. Себебі егер жергілікті басқару органдарының функциясын арттырмасақ, бұл мәселелер әрі қарай жалғаса беруді ғажап емес. Екіншіден, бізде су мәселесімен айналысатын ғалымдар өте аз. Кеңес одағы кезінде Жамбылда Су

ратын су мамандарын дайындап шығаруымыз керек. Бүгінде жана технологиялардың көмегімен жер бедері туралы толық мәлімет алуға болады. Алдағы уақытта мұндай апатты жағдайлардың алдын алып, болдырмау үшін суды жіберетін немесе сақтайтын резервуарларды әзірлеу қажет. Қазақстандағы бір парадокс көктемгі уақытта даланы су басса, жазда қуаншылыққа тап боламыз, — дейді ол.

Ал Парламент Мәжілісінің Аграрлық мәселелер комитетінің хатшысы «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Еркебұлан Мәмбетов аймақтарда төтенше жағдай жариялануы шаруарға банк алдындағы берешек мермізін шегеруге негіз болады дейді.

— Тайынша ауданындағы шаруалардың күрделі ахуалын өз көзімізбен көріп қайттық. Бүгінде облыс орталығы мен ауыл-аймақтар арасын жалғастырып отырған жолдар тасқын судың әсерінен бөгенген. Жұмыс тобы барысында «Алабота» шаруашылығының жағдайына куә болдық. Ол жерде екі үйді су алып, қоймалардағы тұқымдар да су астында қалған. Жол ашылып, су мөлшерін азайту жұмыстары жүргізілгеннен кейін сол жердегі шаруалармен кездестік. Ауыл, аудан өкімдері судың беті қайтқан соң барлық шығындарды арнайы комиссия анықтап, шығындар өтелетінін жеткізді. Тайынша ауданында қазір төтенше жағдай жарияланды. Бұл екінші деңгейлі банктер алдында берешегі бар шаруалар үшін тиімді. Өйткені



құнарлы қабат толық шайылмайды. Бірақ қатты ағыс болса, топырақтың жоғарғы құнарлы қабатын су шайып кетеді. Табиғи жағдайда 1 сантиметр құнарлы топырақтың түзілуіне 100 жыл қажет. Сондықтан ауыл шаруашылығы саласының мамандары топырақ құнарлығын арттыру мақсатында жұмыстар жоспарлауға тиіс. Осылайша, заманауи әдістер мен технологиялар қолдана отырып, топырақтың қалпына келуіне арнайы жағдай жасаған жөн. Сонымен қатар су тасқыны кезінде су көздері ластанды, бұл ауызсу мәселесін тудырып, биологиялық ластануға әкеп соқтыруы да ғажап емес. Сондықтан залалсыздандыру, су басылғаннан кейін, сумен келген қоқыстардан тазарту жұмыстарын жүргізу қажет. Су шайған құнарлы топырақ қабатының орнына органикалық заттар (биогурус) қосып, топырақтың микрофлорасын қалпына келтіруге болады, — дейді С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті Экология кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к. қауымдастырылған профессор Гүлмира Сатыбалдиева.

заттарды қайта өңдеу, өсімдіктердің өсуін ынталандыру және жәндіктерді қоса алғанда, стресс факторларынан қорғау сияқты іргелі функцияларды орындайтын жәндіктер мен жауын құрттары сияқты үлкенірек организмдерге зиян келтіруі мүмкін. Бұл симбиотикалық экожүйенің зақымдануы егін шаруашылығына үлкен әсер етеді» — дейді ғалым.

Мамандар жаздық бидайға жүргізілген тәжірибелердің бірінде су тасқыны пайдалы микроорганизмдердің сарқылудына және өсімдіктерге зиян келтіретіндердің көбеюіне әкелетіні белгілі болған. Демек бұл экстремалды құбылыстар микроорганизмдердің биомассасы мен топырақтағы саңырауқұлақтардың азаюына әкелді.

«Тіпті, су қайтқаннан кейін де тірі қалған микробтар үйреншікті тіршілік ету ортасынан қол үзіп қалады. Сау және функционалды микробиома болмаса, топырақта қоректік заттар өңделмейді және өсімдіктер әлсіреп, жәндіктер мен патогендік микроорганизмдердің шабуылына төтеп бере алмайды. Бұл өсімдіктерге ғана емес, адам-



мелиорация институты болған. Ол қазір жабылды. Бүгінде елімізде гидротехниктер дайындалмайды. Ал гидролог пен гидротехниктің арасындағы айырмашылық жері мен көктей. Сондықтан еліміздегі жоғары оқу орындарында суды бағыттап, ахуалды бағамдап оты-

бул оларға қаржылық міндеттерінен белгілі бір мерзімге босатылуына негіз болады. Екіншіден, соның әсерінен туындаған шығындарды мемлекеттік бюджет есебінен өтеу-ге мүмкіндік беріледі, — дейді Мәжіліс депутаты.

Кәмила ЕРКІН

# ЕКІ ҰЛТҚА ОРТАҚ МӘДЕНИ МАЙДАН



Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Алқа әдеби-мәдени клубтың мүшелері дәл осы сұрақтың жауынан білу үшін киноталқы өткізген болатын. Ортада талай пікірлер тоғысты. Талқылаудағы басты мақсат – жаһандық мәдениеттегі екі ұлттың орнын айшықтап көрсету. Кино кейіпкерлерінен ұлтымыздың біртуар тұлғалар бейнесі айқын көрінген. «Мальмой» корей тілінен аударғанда «сөздік» деген мағынаны білдіреді. 10 жыл бойы жан-жақтан корей халқының өзіне тән диалектілері жинақталған кітапты сақтап қалу үшін Күншығыс елімен үш жылға жуық күрес жүргізді. Сөздікті сақтап қалу нәтижесінде бір ұлттың тағдыры сақталды. Бір қызығы, бұл жинақты бақшадағы ағаштың түбіне көміп кейінгі ұрпағына жеткізген. Дәл осы оқиғаны Алқа әдеби-мәдени клубының мүшесі Патима Әбдіханқызы қазақ тарихымен былай байланыстырды: «Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» еңбегінің қалай сақталып қалғанын қазіргі жастардың көбі біле бермейді. «Ахмет. Ұлт ұстазында» зиялының тергеуші алдында жауапқа тартылған тусы бар. Сол тергеуші Ахмет атамның үйіне жасаған тінтуі барысында жасырын түрде «Тіл құралы» қойнына салып алып топыраққа көміп қойған екен. Міне, біздің тіліміздің сақталып қалуына ықпал ететін қолжазба мен сол корейдің бүкіл сөзі жинақталған сөздіктің сақталуында қандай ұқсастық бар».

Кино мазмұны корей ұлтының жапондықтардың боданынан құтылып, тәуелсіздік үшін күреске негізделген. Басты кейіпкер – мектеп директоры, оқыған, көзі ашық, сауатты адам. Оның

Қоғамдық санаға өткен күннің тарихын сіңіруде киноның да маңызы айрықша. «Құпия миссия: Мальмой» корей киносында баяндалған елең-алаңдағы тағылымды қадамдар қазақтың өткен күнімен айнымастай ұқсас. Қазақ Ресейдің, корей халқы жапондықтардың боданында болды. Екі халықта да ана тілінде сөйлеуге, басылымдарының жарыққа шығуына қатаң тыйым салынды. Осы кезде көргені бір екі елдің қазіргі жағдайы қалайша екі түрлі арнада деген сауалдың туындайтыны хақ.

ұстанған тактикасы жапондықтардың «атын» жамылып, корейдің «затын» қолданғанын тілгетік етті Алқа-лықтар. Бұл әрекетті Д.Қонаевтың ұстанған үрдісіне өте ұқсас келеді деген пікір дүйім жұрттың назарын бірден өзіне аударды. Тарих қойнауына терең бойласақ, бір кездерде қазақ мектептерінің барлығы дерлік жабылып, елде орыстандыру саясаты жүріп жатты.

– Бұл – бодандығымыздың белгісі еді. Қазақ мектептерінің жабылып жатқаны сол тұста ел басқару тізгінінде отырған Д.Қонаевқа да оңай болған жоқ. Егер қарсы келсе тау тұлғалы азаматтарымыздың азайып кетуі әбден мүмкін еді ғой. Сондықтан үн-түңсіз келіскен сынай танытса да, іштей ұлты үшін жанып тұрған патриоттық сезімнің өшпегенін түсінейік. Тіл – әрбір ұлттың рухының көрінісі. Киноның «Құпия миссия» аталуы да

ұмытпайды» деген сөздің «Міржақып. Оян қазақ» киносындағы «Мақшар күні жолығайық» дегенімен ұқсас келетінін клуб мүшелері мысалға келтіре отырып талдады. П.Әбдіханқызының пікірінше, ұлт тағдырын түгел баяндаған корейдің «Құпия миссия: Мальмой» киносындай қазақта әлі толық кино түсірілмеген. Дегенмен Алаш арыстарына арналған кино корейдің дәл осы киносымен мазмұнда келеді.

Өзін қазақ деп санайтын жетісайлық Оксана ұлт үшін жанын қиған азаматтар туралы сөз болаған жиында бүгінде патриоттық сезімі лаулап тұрған қазақтың көп екеніне тәнті екенін айтты.

«Амурдың жағасында 50 шақты адамнан құралған ұлтты тұратын бір ғана ауыл бар. Адам сол жердікі. Әкем әскери борышын өтеуге барып, сол жерде үйленеді. Атам кішкентай кезімде мені Қазақстанға шақыртып, қазақты тәрбие беріп өсірді. Бала күнінен қазақ радиосын қосып қойып, ертегі айтып беретін. Ана мейірімін көрмесем де, қазақы ұстаныммен өсірген атамның тәрбиесін алдым. Сондықтан өзімді қаны таза қазақ қызым деп есептеймін. «Құпия миссия» маған атамның бойындағы патриоттық сезімі тамырдағы қаны арқылы маған берілгенін тағы бір мәрте түсірген кино болды», – дейді ол.

Сондай-ақ жиналғандардың ішінде бүгінге дейін мәдени майданы ұқсас болып келе жатқанына көз жеткізудімізге болады. Атап айтқанда, қазір шетелдегі қазақтың рухани мұралары, этнографиямызға жататын тың дүниелерді жинап жатқан экспедициялық жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы сияқты, бытыр корей халқы да Қызылорда қаласына арнайы келіп, «Мальмойды» толықтыру мақсатында жергілікті корейлердің тілін зерттеу жұмыстарын жүргізді. Өйткені еліміздің бұл өңірінде өте ежелгі корей ұрпақтары тұратындықтан қазір Кореяда кездесе бермейтін диалектілер сақталған.

Алқа-лықтар айтылған түрлі пікірлердің түйінін соғыстан кейінгі жағдаймен байланыстырды. Киноталқының соны «Күрес нәтижесінде корейліктер жеңіске жеткендіктен алдыңғы қатарлы дамыған елдердің қатарынан орын алды. Ал тәуелсіздікке дейін еліміздің Кеңес Одағының құрамында болуы еліміздің дамуын тежеген болар, бәлкім» деген қорытынды жасалуымен аяқталды.

сондықтан. Бұл киноны көргенде тікелей қазақ қоғамымен, қазақ тарихымен байланыстыра отырып көрдім. Өшпенділігі басым келген жапондықтар корейдің ешқандай ұлттық құндылығы жоқ дегенде, осы бір сөздікте барлық рухани мұрасы жатқанын дәлелдейді. Қазақтың мәдени майданы үшін күрескен Өзбекәлі кезінде Наурыз мейрамының қайтарылуына, ұлттық ойындардың қазақтікі екенін дәлелдеп кетті емес пе? Сондықтан аталған киноны көрген әр қазақ өзінің тарихына ұқсас дүниені көреді, тек оны өзіне дұрыс қабылдап, дұрыс қорытынды шығара алса болғаны, – деді П.Әбдіханқызы.

Тағы бір айта кетерлігі, аяғы әлі белгісіз соғысқа шыдамы біткен директордың ұлы «30 жыл бойы күттік қой, тағы қанша уақыт шыдауымызға болады» деген жанайқайы, ұлты үшін күресіп, «Мальмойды» сақтап қалған директорға «халқың сені ешқашан



## ҚҰМ КӨШКІНІНЕН СЕКСЕУЛ ҚОРҒАЙДЫ



Биыл еліміз Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық ету мәртебесіне ие болды. Бұл әлемдік қасіретке айналған Арал теңізінің келешегіне бағытталған келелі істерді қолға алуға зор мүмкіндік туғызып тұр.

Мемлекет басшысы бірінші кезекте Аралдың құрғаған ұлтанына сексеуіл көшеттерін егу жұмыстарын жедел қолға алу қажеттігін баса айтты. Соның негізінде теңіз табанына 15,3 млн түп сексеуіл көшеттерін егу жұмыстары жоғары қарқынға жүргізіліп, өңір жұрттың зор қуанышқа бөлеп отыр.

Теңізді өлкедегі толағай тірлікті Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бақылауында ұстап, баянды бастаманың өз денгейінде жүргізілуіне баса мән беріп отыр. Іргелі істі аймақ басшысы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев, Экология және табиғи ресурстар бірінші вице-министрі Нұркен Шарбиевпен бірге аралап, жоғары бағасын берді. Сондай-ақ арнайы делегация Арал, Қазалы аудандарына жасаған сапарында

теңіздің құрғаған ұлтанының орамдарын әуелен бақылап, сексеуіл көшеттерін отырғызды.

Негізінен, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Арал теңізінің құрғаған ұлтанына 1,1 млн гектар сексеуіл екпелерін егу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, республикалық және облыстық бюджет есебінен 2021 жылы 101 мың гектар, 2022 жылы 250 мың гектар, ал 2023 жылы 193,2 мың гектар жерге фитоорманмелиорациялық жұмыстары жүргізілген. Жоспарға сәйкес, 2024–2025 жылдар аралығында қосымша 556,2 мың гектар жерге фитоорманмелиорациялық жұмыстарын жүргізу көзделіп отыр.

Жалпы, бүгінгі күнге дейін тартылған теңіздің құрғаған ұлтанының 51,6 мың гектарына 15,3 млн дана қошет отыр-

ғызылыпты. Сондай-ақ теңіз табанындағы 150 мың гектар жердің топырағын зерттеу және жобалау жұмыстарына облыстық бюджеттен 58,4 млн теңге бөлінген. Күз мезгілінде 50 мың гектар жерге сексеуіл тұқымын себу үшін 180 тонна орман ағаштарының тұқымы жиналады деп күтілуде.

Өңірде орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары да назардан тыс емес. Осы мақсатта аймақ басшысының тапсырмасымен облыстық бюджеттен 1,8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлініп, барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген.

Аралдың экологиялық жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстарға инвесторларды тарту бастамасы көңіл қуантады. Атап айтқанда, теңізді аймақ келешегі үшін маңызды жобаны жүйелі жүргізуге белгілі кәсіпкер, меценат Т.Турлов ықылас танытып, 2 млн АҚШ долларын бөлу туралы шешім қабылдаған. Сол сияқты арнайы жүргізілген келіссөздер нәтижесінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниясы да 500 млн теңге бөлетін болды.

Жалпы, құрғаған ұлтанға сексеуіл егу тәжірибесі білікті мамандар тарапынан қолдау тауып тұр. Ел келешегіне негізделген ортақ іске кәсіпкерлерді жұмылдыру да назардан тыс емес.

Алдағы аптада 20 елдің Қазақстан Республикасындағы елшілері Арал ауданына арнайы келеді деп күтілуде. Елшілер өз кезегінде аймақтың экологиялық мәселелерімен танысып, оны жақсартуға инвестиция тарту бағытында жұмыс жасайтын болады.

Бүгінде бірегей жоба Арал тағдырына алаңдаған жамағаттың кеудесіне үміт сәулесін себелеп тұр. Теңіз ұлтанынан көтерілген тұз бен шанды дауылға сексеуіл сеп болады деп үміттеніп отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

Жуырда әлеуметтік желіде бір топ қыз-келіншек арасында бір тасын көтеру сәтінің видеосы тарады. Осы бейнетаспада темірді 63 мәрте көтерген келіншек көптің назарын ерекше аударды. Кейіннен бұл шара Наурыз мейрамына орай Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты Сексеуіл кентінде өткізілгені мәлім болды.



## ҚҰРЫШ БІЛЕК ҚАРАКӨЗ

Темір көтерген толағай қыз бізді де қызықтырды. Іздендік, сұрастырдық. Ақыры, құрыш білекті қарақөзді таптық.

Көптің көзіайымына айналған білекті бұрымды сексеуілдік Гүлмарал Түрәлиева есімді келіншек екен. Ол – ибалы келін, сүйікті жар, аяулы ана. Жолдасы екеуі екі бала тәрбиелеп, отбасы шырағын лаулатып отыр.

Кейіпкеріміз бала кезінен спорттан қашық болмапты. Бұған дейін темір көтермесе де, бірнеше шақырымды жүгіріп, өз-өзін сауықтырып тұрады екен. Ал Наурыз мерекесі күні бір тасын көтеру шарасына кездейсоқ қатысқанын айтады.

«Кішкентай кезімнен спортқа құмар болдым. Күнделікті таза ауада жүгіріп, түрлі жаттығулар жасауды әдетке айналдырдым. Мектеп қабырғасында көптеген спорттық сайыстарға қатысқанмын. Наурыз мерекесінде ұжым болып шара өткіздік. Ұлттық спортты ұлықтауға негізделген шарада балалар арасында ләңгі тебу, қол күрес, асық атудан сайыс ұйымдастырылды. Наурыз көже де пісірілді. Мен үшін ең қызығы, осы күні келіндер арасында өткен бір тасын көтеруден жарыс болды. Көптен бірге бағымды сынауға бел будым. Бірақ өзгелерден оқ бойы озып, жақсы нәтиже көрсетемін деп ойламаған едім», – деп ағынан жарылды Гүлмарал.

Ол кішкентайынан спортқа жаны жақын болса да, жоғары білім алып, білікті маман иесі атануға мүмкіндік болмағанын айтады. Десе де, спорт саласынан әлі де алыс емес. Байрақты бәсекелерде топ жармағанымен, ауылдағы №20 балалар мен жасөспірім-

дер спорт мектебінде шаруашылық жұмыс істейді.

«Қазір ауылдық спорт мектебінде уақытша жұмыс істеп жүрмін. Негізгі мамандығым – тігінші. Бір әулеттің келіні болғандықтан үй шаруасына, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлемін. Ауылда қара күшті қажет ететін жұмыс жетеді. Күнделікті үй шаруасында өздігінен жаттығып жүрміз. Бір тасын еш қиындықсыз 63 рет көтеруді соның әсері шығар», – деп күлді кейіпкеріміз.

Жалпы, бір көтеру – үлкен дайындықты қажет ететін спорт түрі. Мамандардың пікіріне сүйенсек, нәзік жандардың бұл спорт түрімен шұғылдануы қауіпті саналмайды. Яғни, белгілі бір техниканы меңгеріп, бір тасын көтеру адам денсаулығын кері әсер етпейді. Алайда денені, бұлшықеттерді жаттықтырып, қыздырып алу қажет.

Негізінен, еліміз бойынша бір тасын көтеру спортымен шұғылданып, жоғары жетістікке жетіп жүрген бұрымдылар қатары да аз емес. Тіпті, осы спорт түрінен Азия чемпионы атанып, Қазақстан әйелдері арасында рекорд орнатқан бір көтерушілер – Меруерт Сүлейменова, Назгүл Бекежан сынды толағай қыздардың жетістігі көпке үлгі.

Гүлмарал да болашақта арнайы жаттығуға қатысып, өз-өзін шыңдағысы келетінін айтады. Түрлі сайыстарда бақ сынап, жақсы нәтижеге қол жеткізуді көздейді. Ең бастысы, әлемдік додаларда топ жарып, рекорд орнатуды армандайды.

Е. ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

## БЕН ЛАДЕН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕ ЖҮР



2002 жылы Қызылорда қаласына қарасты Ақсуат ауылдық округінде Айтбай Бен Ладен есімді нәресте дүниесі ашқан еді. Сырбойлық сәби жайында сол уақытта басылымдар мен телеарналар жарыса айтып та, жазып та жатты.

Араға біраз жыл салып, сол кейіпкерімізді қайта іздеп таптық. Бүгінде Бен Ладен Қызылорда

қаласында тұрады. 22 жасты толтырып, жігіттік шағын бастан өткеріп жүр. Кішкентайынан алғыр да зерек болған ол туған ауылындағы №143 мектепті ойдағыдай тәмамдаған. Әрдайым ізінен ерген інісі мен қарындасына қамқор. Қолы қалт етсе сабағына зейін қойып, мұғалімнің үйге берген тапсырмасын да мұқият орындайтын болған.

«Бен Ладен өзінің ерекше есімді еншілегенін есейе келе түсінді. Бірақ оған өкпелеген жоқ. Мектепті жақсы бітіріп, әскери борышын абыроймен өтеп келді. Одан әрі білімін жетілдіру мақсатында жоғары оқу орнына түсті. Баламыздың болашағынан зор үміт күтетінбіз. Сенімімізді ақтады», – дейді анасы Айгүл Сейілханова.

Бен Ладен бүгінде университетте білімін жетілдірумен қатар, әскери салада қызмет атқаруға мүмкіндік алыпты. «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деген қағидалы өмірлік ұстанымына айналдырған жігіт сол арман-мақсатына жету жолында таудай талап пен еселі еңбек қажет деп есептейді.

Аңсаған ТАҒЫБЕРГЕН

ФОТО АЙҒАҚ

ӘЖЕ, СІЗГЕ  
МЫҢ АЛҒЫС!

Қаптарды топырақпен толтырып, бөгет соғу жұмыстарына көмектескен әже Махамбет ауданы Бейбарыс ауылының 92 жастағы тұрғыны, тыл еңбеккері Орынша Қожиева екен.



Орынша Токтыбақызы 10 баласынан 16 немере және 10 шөбере сүйіп отыр. 70 жаска дейін «Первомайский» кеңшарында жемшөп өсіруші болып жұмыс істеген.

Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов Мемлекет басшысының Жайкөзенінің жағалауын нығайтуға көмектескен әжейге алғысын білдіріп, облыста жарияланған ТЖ режимі туралы айтты.

«Бүкіл ел Бейбарыс ауылындағы мектеп ұжымына жағалауды нығайту жұмыстарына көрсеткен көмегіңіз туралы көріп-білді. Маған Президенттің өзі қонырау шалып, жанқиярлық еңбегіңіз үшін алғыс айтуды өтінді. Сіз су тасқынына дайындық жұмыстарына өз үлесіңізді қосып, жастарға үлгі болып отырсыз», – деді Серік Шәпкенов.

Орынша Токтыбақызы тасқын қаупі төнгенде зейнеткерлікке шыққаннан кейін өзі еңбек еткен

мектеп ұжымына көмектесуге шешім қабылдағанын айтты.

«Қазірдің өзінде біраз жасқа келіп қалдым. Сондықтан менің қолымнан келетіні – құм толтыруға қапшықтарды желде дайындап отыру. Табиғаттың тосын мінезін болжап білу мүмкін емес, осы жасқа дейін мұндайдың талайын көрдік қой. Сондықтан су тасқынына алдын ала дайындалу керек», – деді 92 жастағы кейуана.

Серік Шәпкенов әлеуметтік желіде кентаралған бейнероликтің кейіпкеріне бүгін Атырау облысы бойынша ТЖ режимі жарияланғанын хабарлады. Бұл қадамның жергілікті атқарушы органдармен тиісті қызметтердің алдағы су тасқынына қарсы дайындығын күшейту мақсатында жасалғанын және дүрбеленге салынуға себеп жок екенін айтты.

Баян ЖАНУЗАҚ,  
Атырау облысы



NUR MEDIA  
Media & Communication

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ПАШАЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНУЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БОЛІМЕ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМЕ:**  
8(771) 804-61-32  
post@aiqyn.kz@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4432  
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сіверті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлмұқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,